Егемен Қазақстан

Жалпыұлттық республикалық газет • 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады • www.egemen.kz

№8 (28736)
15 ҚАҢТАР
ЖҰМА
2016 ЖЫЛ

ISSN 1998-4723

Бүгінгі нөмірде:

Халықтың арманы үмітті жалғады
6-7-беттер

Осы заман хакімі Әбіш еді
8-бет

Қаңтарда бәйшешек гүлдеді
12-бет

МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН САЙЛАУ – ЖАҢҒЫРУҒА БЕЛ БАЙЛАУ



Сауалдама 2016 жылдың 13 қаңтарында Еуразиялық Интеграция институты тарапынан республикалық таңдау бойынша телефондық сұхбат тәсілімен өткізілген. Таңдау көлемі: 18 жастан асқан 615 адам. Таңдау қателігі +/-3%.

(Қазақстандықтардың Үндеуге жан-жақты қолдау көрсеткен пікірлері газетіміздің 2-5 беттерінде жарияланып отыр).

Жаңа қазақстандық арман – бүкіл халықтың арманы

Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жетекшілігімен өткен палатаның кешегі жалпы отырысында бес мәселе қаралды. Күн тәртібіндегі мәселелерді қарамас бұрын Төраға Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлт Жоспары – қазақстандық Қазақстан арманға бастайтын жол» атты бағдарламасына қатысты өз пікірін білдірді.

Асқар ТҰРАПБАЙҰЛЫ, «Егемен Қазақстан».

Қ.Тоқаев әуелі Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлт Жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты кең ауқымды бағдарламасының Қазақстанның қазіргі замандағы дамуы үшін маңызы зор екенін атап өтті. Оның айтуынша, Елбасының жаңа еңбегіне отандастарымыз қызу қолдау көрсетуде және халықаралық сарапшылар тарапынан жоғары бағасын алып жатыр. Төраға «Елбасы ұсынып отырған жаңа қазақстандық арман – бүкіл халықтың арманы» екенін атап өтті.

Сенат Төрағасы Елбасы өзінің бағдарламасында Ұлт Жоспарын заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету бойынша Парламент пен Үкіметтің бірлесіп жүргізген кең ауқымды жұмысын жоғары бағалағанына назар аударды. «Алдымызда тұрған міндеттерді жүзеге асыру – Қазақстанды, оның экономикасын, жалпы мемлекет пен қоғамды түбегейлі өзгертетін тарихи міндеттерді шешуге даңғыл жол салатыны сөзсіз. Жаһандық әлемде қалыптасып отырған құбылмалы жағдайға қарамастан, жаңғыртудың кешенді шараларын іске асыру баршамызға айрықша жауапкершілік жүктейді. Осы орайда, Сенат депутаттары Елбасы тапсырмаларын орындауға белсене қатысады деп мен кәміл сенемін», деді Қ.Тоқаев.

Отырыс барысында сенаторлар бірқатар ұйымдастыру мәселелерін қарады. Палата Қайрат Ищановты өз өтініші бойынша Сенат Төрағасының орынбасары лауазымынан босату туралы қаулы қабылдады. Палата Төрағасы Қ.Тоқаев Төрағаның орынбасары лауазымында төрт жыл бойы жемісті еңбегі үшін Қ.Ищановқа алғыс айтып, сенатор «өзінің бай тәжірибесін, білімі мен күш-жігерін заң шығару ісіне пайдалана отырып, әріптестері арасында беделге ие болды», деп атап өтті. Қ.Ищанов Қаржы және бюджет комитетінің құрамына сайланды.

(Соңы 6-бетте).

● *Межелер мен міндеттер*

Жүйелі жұмыс жемісті

Мәртебесі жағынан бәрі де министрлік аталғанымен, Үкімет құрамында орны бөлек министрліктер бар екендігі де шындық. Сондай құрылымдардың бірі – Инвестициялар және даму министрлігі.

Динара БІТІКОВА, «Егемен Қазақстан».

Ол индустрия мен индустриялық-инновациялық даму, елдің ғылыми техникалық дамуы, таукен кешені, машина жасау, химия, фармацевтика және медицина өнеркәсібі, құрылыс индустриясы мен құрылыс материалдарын шығару, мемлекеттік инвестициялық саясат пен инвестицияларды қорғау саясаты, арнаулы экономикалық аймақтар, экспорттық бақылау, минералдық ресурстар, геологиялық зерттеу, қазба байлықтарды тиімді пайдалану, энергия үнемдеу, теміржол, автомобиль, ішкі су көлігі, автомобиль жолдары, байланыс, ақпараттандыру, ақпарат, ғарыш қызметі сияқты санап шығудың өзіне адам шаршайтындай аса ауқымды салаларға жауап береді. Қазіргідей күрделі кезеңде бұл үлкен министрлікке жүктелер жауапкершілік те үлкен.

Кеше Инвестициялар және даму министрлігінің 2015 жылдың қорытындыларына және 2016 жылғы міндеттерге арналған алқа мәжілісі болып өтті. Оған Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев қатысты.

Инвестициялар және даму министрі Әсет Исекешевтің баяндамасында қуат көздері мен негізгі металл түрлеріне бағаның күрт түсуі, әлемдік экономика дамуының баяулауы, санкциялық соғыстар, қаржы рыноктарының құбылмалылығы Қазақстан экономикасына да әсер еткендігі айтылды. Қой жылында атқарылған жұмыстарды қорытындылай келе, министр бүгінде айрықша назарға алынып, басымдық беріліп отырған шараларға тоқталды. Оның бірі – өңдеу өнеркәсібін қолдау мен дамыту мәселелері.

(Соңы 9-бетте).

● *Индустрия игілігі*

Құрылысқа қажетті комбинат

Ержан БАЙТІЛЕС, «Егемен Қазақстан».

Қызылордаңызда тұрғын үй құрылыс комбинаты жұмыс істеп жатыр. Өткен желтоқсанда комбинаттың тұсауы кесілді. Елбасының қатысуымен өткен телекөпірде. Бұл қандай өндіріс орны? Нендей пайдасы бар? Бүгінгі сөз осы хақында.

Сыр өңірінде құрылыс қарқын алып, Қызылорданың алып құрылыс алаңына айналғанына бірнеше жыл болды. Алайда, осы құрылысқа қажетті материалдың дені өзге аймақтардан тасымалданады. Енді міне, бұл өзекті мәселе де шешімін тапты. Өңірде құрылыс материалдары өндірісіне қатысты бірегей жоба қолға алынып, өмірге жолдама алды. Аталған тұрғын үй құрылысы комбинатын салу туралы өзара ынтымақтастық меморандумына облыс әкімдігі мен «РМЗ-Шапағат» ЖШС басшылығы қол қойғанды. Нақты кезеңде шаһардың солтүстік-батыс бөлігінде индустриялы алаң салынып, бірнеше зауыт қатар бой көтеретін өндірістік алаңда шыны зауытының құрылысы қарқынмен жүріп жатса, біз тақырыпқа тамызық еткелі отырған серпінді жоба қаланың оңтүстік өнеркәсіптік аймағында орналасқан.

Аталған жобаның «Өнімділік-2020» бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылып жатқанын айрықша атап өтпекпіз. Жалпы, «Өнімділік-2020» бағдарламасының негізгі мақсаты – еңбек өнімділігін арттыру арқылы отандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін күшейту. Бұл – Елбасының тапсырмасы бойынша Үкімет іске асырып жатқан мемлекеттік индустрияландыру бағдарламасының құрамдас бөлігі.

«РМЗ-Шапағат» ЖШС жүзеге асырып жатқан жобаның құны 1,5 миллиард теңгені құрайды. Шикізат базасы ретінде жергілікті кеніштердегі құм мен қиыршық тас пайдаланылады. Ал цемент пен арматура өзге облыстардан алынады. Комбинат 70-ке жуық адамды жұмыспен қамтиды. Құрыш қолды құрылысшылар да жергілікті тұрғындар арасынан дайындалады. Жұмыссыз жандарды кәсіби бейімдеу мақсатында кәсіпкерлердің өңірлік палатасы дуалды оқыту жүйесін ендірудің жол картасын жүзеге асыруда. Бүгінде «Техмаман» оқыту орталығында 100-ге жуық адам қайта даярлау курсынан өтті. Өңірлік кәсіпкерлер палатасы жанындағы «Техмаман» оқу орталығының директоры Серік Толыбаев «Біз бульдозер, жол құрылыс машиналарын және трактор, автогрейдер, роторлы экскаватор жүргізушісі, слесарь мамандарды дайындаймыз. Оқу мерзімі 2 айды құрайды», дейді. Кәсіпорынның толықтай жұмыс істеп кетуіне «Байқоңыр» ӘКК» ҰК» АҚ өз пайдасын тигізді. Аталған мекеме қаржысына комбинаттың сырты инженерлік инфрақұрылымы жасалды.

Комбинат бетон-қабырға, баспалдақтар, әртүрлі ұзындықтағы жабынды плиталар мен биіктігі 12 метрлік колонналар және тұрғын үй құрылысына қатысты өзге де материалдарды неміс технологиясы бойынша шығарады. Айта кетейік, плиталар 120 метрлік қос қалыпта құйылып, тапсырыс берушінің сұранысына сай кесіледі.

«Өнімділік-2020» бағдарламасына қатысқан кәсіпкер комбинат құрылысына қажетті қаржының 938 миллион теңгесін несиеге алып, қажетті технологиялық құрылғыларды немістің «WEILER» компаниясынан сатып алған. Бұл үшін ол «Қазақстанның Даму банкі» АҚ-тың еншілес кәсіпорны болып табылатын «БРК-Лизинг» АҚ-тан жылдық өсімі 5 пайыздық несие алып отыр. Мамандардың айтуынша, дайын бетон қабырғалардың ортасына жылу оқшаулайтын материал салынады. Нәтижесінде цемент 30 пайызға үнемделмек. Мұнда темір-бетон бұйымдарының сапасын тексеретін зертхана да болады. Демек, Қызылордада бәсекеге қабілетті өнім өндіріліп, оны өзге аймақтарға шығаратын күн де алыс емес.

Бүгінде Сыр өңірінде демографиялық ахуал жақсы дамып келеді. Жыл санап халық саны артып, тұрғын үй құрылысы да қарқын алған. Бас жоспар бойынша алдағы жылдары Сырдың сол жағалауын игеру басталады. Оның үстіне, кірпішке қарағанда, бетон қабырғалар сеймсмологиялық жағынан берік. Міне, осы жайттарды есепке алсақ, облыстағы құрылыс материалдары өндірісі секторындағы алғашқы қарлығаш тәрізді комбинаттың аймаққа, одан қалды республикаға берері мол болмақ. Аталған жоба өңір экономикасына едәуір серпін берері анық. Әсіресе, 2017 жылдан бастап игеріле бастайтын Сырдарияның солтүстік жағалауындағы жаңа қоныстың тез әрі сапалы салынуына үлкен септігі тиер еді.

Қызылорда облысы.

● *Оймақтай ой*

Адамдар әділ болса, өмір әрқашан әділ.

Әбіш КЕКІЛБАЕВ.

АҚПАРАТТАР ағыны

● **Елімізде мыңға жуық жеке сот орындаушысы жұмыс істейді.** Олардың құзыретіне 2016 жылдан бастап заңды және жеке тұлғалардың пайдасына тиесілі атқарушылық өндірістер өтеді. Сонымен қатар, жеке сот орындаушылар халыққа алимент, жалақы, зейнетақы және жәрдемақы өндіру мәселелері бойынша кепілденген мемлекеттік-құқықтық көмек көрсететін болады.

● **Астанада өткен жылы 14 тұрғын үй кешені пайдалануға берілді.** Бұл жалпы ауданы 190,9 мың шаршы метрді құрайтын 3 629 пәтер. Сондай-ақ, 2015 жылы «2020 жылға дейін өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында 1 335 пәтерлі 5 тұрғын үй кешені салынды.

● **Елордада осы жылы 30 тұрғын үй қайта жаңғыртылады.** Биылғы жылы «Алматы» ауданында мемлекеттік бағдарлама аясында 16 үйді жөндеу жоспарланған. Жалпы, өткен жылы 11 тұрғын үй жөндеуден өткізілген. Сондай-ақ, аталған ауданда 42 көпқабатты тұрғын үй жаңғыртылып, 21 лифт ауыстырылған. Ал 2016 жылы «Сарыарқа» ауданында аталған бағдарлама аясында 11 үйді қалпына келтіру көзделіп отыр.

● **Биыл Алматыдағы Наурызбай ауданында балаларға арналған 26 ойын алаңы салынады.** Бұл «Алматы қаласын дамыту-2020» және «Әлеуметтік бейімделген қала» бағдарламалары шеңберінде жүзеге аспақшы. Айта кетейік, бой көтеретін жаңа спорт алаңында мини-футбол алаңқайы, көше тренажері, балалар әткеншегі, айналмақ, «АҚШ ұшқалағы» деп аталатын ойын кешені қамтылады.

● **Ақмола облысындағы Ақкөл қаласында дәнді және майлы дақылдарды сақтайтын кешен іске қосылды.** Сондай-ақ, зауытта дақылдар сақталады және тазартылады. «Пегас» серіктестігіне тиесілі кешен жылына 30 мың тонна бидаймен бірге, майлы дақылдарды бастырып, қайта өңдеуге қуатты.

● **Дубайдың AMK METAL FZCO компаниясы Оңтүстік Қазақстан облысында ет өңдеу зауытын салмақшы.** Жалпы құны 30 млн. АҚШ долларын құрайтын жоба аясында шетелдік инвесторлар 20 мың бас мүйізді ірі қараға арналған бордақылау алаңы мен жылдық қуаттылығы 5 мың тонна болатын ет өңдеу зауытын іске қоспақ. Ол үшін Бәйдібек ауданынан 17 мың мал жайылымдық жер мен 2 мың гектар суармалы жер, сондай-ақ, зауыт салу үшін аудандағы индустриялы аймақтан 5 гектар жер телімі бөлінуде.

● **Қарағандыда фитофармацевтикалық кластер құрылмақ.** Оны ірі кәсіпорындар мен ғылыми орталықтар бірлесе жүзеге асырмақшы. Жергілікті ғалымдар осы кезге дейін 500-ден астам емдік қасиеті бар шөптерді анықтап, 70-тен астам жаңа дәрі-дәрмек шығарып келген. Жалпы, Қарағанды «Фитохимия» холдингі ірі ғылыми-өндірістік кешен болып табылады.

Хабарлар Үкімет, облыстық әкімдіктер сайттары, «ҚазАқпарат» агенттігі және «24kz» телеарнасының деректері бойынша дайындалды.

МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН САЙЛАУ –

Сынақта шыңдалғандар озады

Парламент Мәжілісі депутаттарының бастамасы елішілік қиыншылықтардан туа қалған жоқ. Ол жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстың әкелген үдерісі. Осыдан-ақ Қазақ елі әлемдік қауымдастықтың ажырағысыз құрамдас бөлігіне айналғанын байқауға болады.

Иә, әлемде күрделі өзгерістер жүріп жатыр. Оның көңілді марқайтатын жағымды ілгерілеуінен гөрі сын-қатері басым екенін күн сайын сезінудеміз. Бұл да бір сынақ. Елдігімізге, тәуелсіздігімізге сынақ. Сын-қатерден, қиналсақ та, абыроймен шығу үшін қажетті мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік іс-шаралар Ұлт жоспарымен, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауымен жүйеленген еді. Енді солар саяси тұрғыдан жалғасын тапты.

Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын мерзімінен бұрын сайлау бұрын да өткен. Қорқатын, үркетін, сан-саққа жүгіртетін ештеңе жоқ. Қайта алдағы сайлауда қазақстандық демократияны, бірлігіміз бен отансүйгіштігімізді тағы бір сын тезінен өткізіп алудың реті келіп тұр.

Бесінші шақырылымдағы Мәжіліс жаман жұмыс істеген жоқ. Дей тұрғанмен, болашақ Мәжіліс депутаттары сөзімен де, ісімен де барша қазақстандықтарға танымал тұлғалардан жасақталғанын қалаймын. Ғалымның ғалым екені жазған еңбектерінен, ашқан жаңалықтарынан, спортшының спортшы екені көтерген зілтемір салмағынан, соққан голдарының санынан көрінсе, депутат кеудесіндегі төсбелгімен емес, бастамаларының, идеяларының, халыққа қызметінің, халықпен араласқұраласының кемелдігімен танылғаны абзал.

Қазіргі Конституциямыз бойынша, Қазақстанның ішкі-сыртқы саясатын Елбасы анықтайды. Биліктің барлық тармақтары соны атқаруға жегіледі. Айталық, білім мен ғылым саласына тиісті министрлік жауап береді. Мәдениетте де, қорғаныс ісінде де солай. Демек, заң шығарушы биліктің де оңтайланғаны жөн. Артықшылықтары – шешім қабылдау тездетіледі, қаржы үнемделеді, шенеуніктер азаяды, қағазбастылық бәсеңдейді.

Жауапкершілігі жоғары сәтке қадам бастық. Үдесінен шығайық. Сынақта шыңдалғандар озады.

Ханкелді ӘБЖАНОВ,
Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, ҰҒА корреспондент-мүшесі.

АЛМАТЫ.

Экономикалық қиындықтан құтқаратын Парламент керек

Елдің бюджеті қайта қаралып жатыр. Қазір шекесі қызып тұрған мемлекеттер жоқ. Әлемдік дағдарыс құрсаудай қысқандықтан экономикалық соққыдан аз шығынмен шығудың алғышарттарын жасауға бәрі кірісіп кетті.

Алдында мақсат, мүддесі айқын мемлекет қана осындай тығырықтан аман шығады. «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары бар Қазақстанға кәсіби біліктілігі жоғары Парламент керек. Депутаттар Мәжілісте ештеңе бітірмеді, қол қусырып қарап отырды дей алмаймыз. Жаңа Парламентке мықтылары тағы өтеріне сенімдіміз.

Халық қалаулыларының Елбасына мерзімінен бұрын Парламентті тарату жөніндегі үндеуін түсініктікпен қабылдадық. Себебі айқын. Бұрынғы депутаттар қатарында зейнет жасынан асып кеткендер көп. Бұл бір қарағанда, қолында билігі барлардың зейнетке жасы жақындағанда Парламентке қарғып кеткеніндей әсер қалдырады. Екіншіден, партиялық тізім бойынша күріш арқасында күрмек те су ішетіндей, білім-білігі төмендеу азаматтар да өтіп кетті. Олардың қарым-қабілетін Парламентке ұсынылған заңдар талқыланғанда байқап отырдық. Халықты алдау мүмкін емес қой.

Еліміздің бюджеті мұнай баррелі 40 доллар болып тұрғанда есептелді. Қазір 29 долларға дейін төмендеді. Қабырғамызды мұнайдан түскен қаржымен жауып отырған мемлекетпіз. Өндіріс орындарымыз әлі де аз. Аграрлы ел болсақ та сыртқа ет, сүт өнімдерін көптеп сатып алып жатқанымыз жасырын емес. Осындай жағдайда экономикалық ахуалды жақсартуға кәсіби біліктілігі жететін Парламент әбден керек.

Қайрат БАЛАБИЕВ,
кәсіпкер, заң ғылымдарының докторы.

Оңтүстік Қазақстан облысы.

Уақытпен үндескен бастама

Парламент Мәжілісінің бір топ депутаты тарихи маңызды шешім туралы мәлімдеме жасады. Қазақстан Республикасы Президентінің 5-ші шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісін мерзімінен бұрын тарату және Парламент Мәжілісіне мерзімінен бұрын сайлау өткізу туралы бастамамен жүгінген депутаттардың мәлімдемесі дер уақытында қозғалған мәселе деп білемін. Себебі, бұл шешім – уақытпен үндескен шешім.

Биылғы жылдың 1 қаңтарынан «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша «100 нақты қадам» – Ұлт Жоспарын орындаудың практикалық кезеңі басталды. Мемлекетті, экономика мен қоғамды дамыту үшін қағидатты жаңа құқықтық орта қалыптастыратын 59 заң күшіне енді. Осы орайда жаңа Парламенттің жасақтануы еліміз үшін үлкен маңызды саяси және тарихи оқиға болмақ. Себебі, жаһандық дағдарыс қиындай түсуде. Ал, Елбасының жариялаған Ұлт Жоспары осы қиындықтарға жауап беретін бағдарлама. Оны сәтті іске асыру үшін биліктің барлық тармағының – атқарушылық, заңнамалық, сот және жергілікті басқарушы органдардың үйлесімді жұмысы қажет. Сондықтан депутаттар халықтың жаңа сенім міндетін алуы және Ұлт Жоспарын жүзеге асыруы аса маңызды.

Арықбай АҒЫБАЕВ,
заң ғылымдарының докторы, профессор.

АЛМАТЫ.

2016 ЖЫЛҒЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ПАРЛАМЕНТТІК САЙЛАУ. САРАПШЫЛЫҚ ЖЕДЕЛ-САУАЛДАМАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Парламент Мәжілісіне мерзімінен бұрын сайлау өткізуді қолдаудың себептері

МӘСЛИХАТТАРҒА САЙЛАУЛАРДЫ ҚОЛДАУДЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Телефон арқылы сарапшылық сауалдаманы 2016 жылдың 13 қаңтарында «Демократия институты» ҒЗА өткізді. Сауалдамаға 97 сарапшы (мемлекеттік органдардың, азаматтық қоғамның өкілдері, ЖОО-лар оқытушылары, саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, журналистер, т.б.) қатысты.

Халықтың жауабы біртекті

Кеше Орталық телекоммуникация қызметінде Парламент Мәжілісінің сайлауын мерзімінен бұрын өткізу жөніндегі депутаттар бастамасына халықтың қалай қарайтындығы туралы әлеуметтік зерттеу құрылымдары жүргізген сауалдамалар бойынша есеп берілді.

Жақсыбай САМРАТ,
«Егемен Қазақстан».

Бірінші сөз алған «Демократия институты» ғылыми-зерттеу қауымдастығы» қоғамдық ұйымының директоры Юлия Кучинская депутаттардың кешегі үндеуінен кейін біз мемлекеттік органдар, азаматтық қоғам институттары және ЖОО-лардың көптеген өкілдері арасында жедел-сауалдама жүргіздік. Соның ішінде 97 сарапшы болды. Енді соның нәтижелері туралы айтсам, ол былай болды: сұралғандардың 95,6 пайызы мәжілісмендердің бастамасын қолдайтындарын айтты. Соның ішінде 94,8 пайызы депутаттарды мерзімінен бұрын сайлау дағдарысқа қарсы шаралардың қатарына жататынын атап өтті.

Сарапшылардың 94,1 пайызы Мәжіліс және түрлі деңгейдегі мәслихаттар сайлауларын бірге өткізуді сайлауға бөлінетін мемлекеттік қаржыны үнемдеу тұрғысынан тиімді деп санайды. Сонымен қатар, сарапшылардың 90 пайыздан жоғары бөлігі бесінші шақырылған Парламент Мәжілісінің депутаттары өздерінің негізгі миссиясын орындады деп есептейді. Сұралғандардың 96,7 пайызы Бес институттық реформа – Ұлт Жоспарын орындау үшін Мәжіліс депутаттарының сайлауы тез арада өткені жөн деп санайды. 94,2 пайызы Парламент жұмысын әртараптандырудың маңыздылығын атап өткен. Олар сайлауға жаңа партиялардың түсіп, өз депутаттарын өткізгенін жөн көреді.

Еуразиялық интеграция институтының әлеуметтік зерттеулер бөлімінің меңгерушісі Ботагөз Төреханова да өз қызметтерінің жедел-сауалдама өткізгенін айтты. Біз барлығы 615 адамға сауал бердік, деді ол. Соның ішінде 82,5 пайызы Мәжіліс депутаттарының үндеуі туралы хабардар болып шықты. Соның ішінде 93,6 пайызы сайлауды мерзімінен бұрын өткізгенді дұрыс деп санайтынын жеткізді. Сұралғандардың 97,2 пайызы Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауларының бірге өткізілгенін

қалайтынын айтты. Өйткені, бұл бюджет қаражатын үнемдеуге қол жеткізеді деп есептейді олардың бәрі.

Респонденттердің 93,5 пайызы Мәжіліс депутаттарының сайлауын тез арада өткізуді дұрыс деп санайды екен, өйткені, олар Ұлт Жоспарын іске асыруға белсене қатысуға тиісті. Сұралғандардың 94,6 пайызы Мәжілістің бұрынғы құрамы өз міндеттерін толығымен орындағанын мәлімдепті. Қорыта айтқанда, сауалдама жүргізген екі ұйым да бір-бірінің сөздерін айна-қатесіз қайталап берген, демек, халықтың жауабы біртекті болған.

Жаңару жасампаз жобаларға жол ашады

Кеше Орталық коммуникациялар қызметінде «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов баспасөз мәслихатын өткізді. Ол бұрнағы күні Мәжіліс депутаттарының жариялаған үндеуіне қатысты отандық кәсіпкерлердің пікірін білдірді.

Нұрбай ЕЛМҰРАТОВ,
«Егемен Қазақстан».

Аптаның сәрсенбісі күні ел Парламентіндегі үш партиялық фракцияның жетекшілері көтеріп, ұсынған үндеуді қалған депутаттардың барлығы бірауыздан қолдағаны мәлім. Кәсіпкерлер палатасының басшысы мұндай ұсыныстың өз уақытында, орынды көтерілгенін айта келіп, соңғы уақытта Парламент депутаттары бизнес-қауымдастықтармен тығыз байланыста жұмыс істегені жөнінде әңгімеледі. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы атынан күні кеше ғана өздеріңіз куә болған Мәжіліс депутаттарының, соның қатарында, парламенттік партия фракциялары басшыларының бастамасын қолдап, елімізде мерзімінен бұрын Мәжіліс сайлауын және оған барлық деңгейдегі мәслихат сайлауын қоса өткізу бастамасын қолдайтынымызды жеткізгім келеді.

Қазіргі әлемде орын алып отырған экономикалық қиындықтар біздің елге де өз әсерін тигізуде. Сондықтан, депутаттардың бұл бастамасы өте орынды деп санаймыз. Баршаға мәлім, өткен жылы Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары аясында үлкен жұмыстар атқарылды. Нақты айтқанда, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы да барлық 82 заң жобасын дайындауға атсалысып, сол заңдарды Парламент депутаттарымен бірге екшеп,

өздерінің тиісті ұсыныстары мен тілектерін енгізді. Ұлттық палата Мәжіліс депутаттарымен осылай қоян-қолтық жұмыс істеді.

Әңгімені осы мақсатқа ойыстырсақ, енді Ұлт Жоспары аясында нақты жұмыстар атқарылуы қажет. Осындай үлкен шаралар қарсаңында Мәжіліс депутаттарының, партиялардың сайлауға түсіп, елдің ойпікірін білуі, мандатын алуы біздің ойымызша, игі бастама және біз бұл бастаманы қолдаймыз», деген палата басшысы, әлемдік сын-қатерлерге төтеп беру үшін аталған сайлауды жыл соңына дейін созбау ләзім екеніне назар аударды.

Еліміздегі экономикалық ахуал мен оны оңалту шаралары да палата басшысының тіліне тиек болды. «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарының 50 қадамнан астамы экономика, соның ішінде, кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған. Сондықтан, кәсіпкерлер Елбасы жариялаған Ұлт Жоспарының нақты орындалуына, оның оң нәтижелерге қол жеткізуіне мүдделіміз. Тағы бір айтарлығы, айтулы жоспардың арқасында Кәсіпкерлер кодексі қабылданды, кәсіпкерлер құқығын қорғайтын Бизнес-омбудсмен институты бар. Оған қоса, индустрияны дамыту, шағын және орта бизнесті қолдау, шетелден инвестициялар тарту, Үкімет пен кәсіпкерліктің бірлескен жұмыстарын дамыту секілді ауқымды шаралар жоспарланды.

Осы игіліктің бәрін ескере келіп, Мәжілістің жаңаланып, жаңа мандатпен аталған жұмыстарға кірісуін қоғам болып қолдағанымыз абзал деп біледі. Сол себепті, түрлі қоғамдық күштерді, барлық азаматтарды депутаттар бастамасын қолдауға шақырамыз», деді А.Мырзахметов.

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлауларын мерзімінен бұрын өткізу жөніндегі бастаманы қолдау туралы МӘЛІМДЕМЕСІ

Қазақстанның Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының елде мерзімінен бұрын парламенттік және барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауын өткізу туралы Үндеуін толығымен қолдайды.

Біз жаһандық экономикалық қатерлердің алдын алуға жауап ретінде Мемлекет басшысы ұсынған дағдарысқа қарсы шараларды шұғыл іс жүзіне асыруды барынша қолдаймыз. Өткізілетін сайлаудың маңыздылығы алда тұрған реформалардың ауқымын айқындайды. «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары кәсіпкерлікті дамытуға ерекше басымдық береді, инвестиция тартудың белсенділігін арттырып, қолайлы бизнес-ахуал қалыптастыруға жағдай жасайды.

Мемлекет және кәсіпкерлердің әріптестігі мен ынтымақтастығының жаңа қағидалары сенімді экономикалық өсім үшін тың мүмкіндіктер ашып, берік әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етеді. Біз тек біріккен күш-жігеріміздің арқасында ғана заң шығарушы биліктің жаңа сенім мандатына ие мықты және ұйымдасқан азаматтық тұғырнама қалыптастыратындығымызға сенімдіміз.

Осыған байланысты еліміздің барлық азаматтарын бизнес және саяси партия өкілдерін алдағы сайлауды қолдауға және біздің мемлекетіміздің тұрақты түрде дамуына және тұрақтылығының нығаюына өз үлестерін қосуға шақырамыз.

«Қазақстан-

Қазақстан тұтынушылары ұлттық лигасының Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлауларын мерзімінен бұрын өткізу жөніндегі бастаманы қолдау туралы МӘЛІМДЕМЕСІ

МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН САЙЛАУ –

Ақылға қонымды қадам

Жаһандық дағдарыстың күрмеулері алдағы кезде көбейе түспесе, азаймасы белгілі болып отыр. Сондықтан мәжілісмендердің мына бастамасы ешқандай бір тосын оқиға емес дер едім. Олар мұндай ұйғарымға бір күнде келмегені де сөзсіз.

Иә, әлемде экономикалық күрделіліктер асқынып, саяси ахуал құбылып тұрған мына кезеңде Мәжіліс және мәслихаттар сайлауын мерзімінен бұрын, яғни көктемде өткізіп алуды мен де ақылға қонымды деп есептеймін. Тәуелсіздігіміздің өткен жылдарында мұндай саяси науқандарды ұйымдастырып, өткізу жөнінде бізде байыпты тәжірибе жинақталды. Демек, «Ұрыста тұрыс жоқ». Сөйтіп, жыл басынан көңілді бірлеп алып, сайлаудың қорытындысымен келетін жаңа күш, жаңа ой, жаңа тегеурінге сенім жүктеп, алдағы мұрат-межелерге қарай қарымды қадам жасаған жөн.

Құрманғазы ҚУАНЫШӘЛИЕВ,
Тайпақ орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің директоры.

Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы.

Тағдырлы кезеңдегі тағылымды шешім

Мен қолым қалт етсе, «Егемен Қазақстан» газетінің сайтына кіріп, елдегі жаңалықтарды уақтылы білуге тырысамын. Еліміздің бас басылымының сайтынан Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Қазақстан халқына, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа өзін-өзі тарату жөнінде үндеу жолдағанын оқып, халық қалаулыларының бұл қадамына тәнті болдым. Телеарналардағы жаңалықтардан тағы бір мәрте тыңдап, мәжілісмендердің мерзімінен бұрын сайлау өткізу туралы тарихи шешім қабылдағанына көзім жетті.

Әлемдік қаржы дағдарысы тек біздің елде ғана емес, азуын айға білеген алпауыт мемлекеттердің өзін абыржытып отырғаны бесенеден белгілі. Дүниежүзінде жаңа жағдай қалыптасып отыр. Рас, Қазақстанның бұған дейінгі дағдарыстардан ат-көлігі аман өткенін білеміз. Әрине, оның Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көсемдік көрегендігі және сарабдал саясаткерлігі арқасында мүмкін болғанын айтуға тиіспіз. Мемлекет басшысы бұл жолғы дағдарысты да еркін еңсерудің ендіктерін «Бес институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт Жоспарында, «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауында айқындап берген болатын. Енді «Ұлт Жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» бағдарламалық мақаласында дағдарысты еңсерудің тетіктерін тәптіштей таразыға салып, нақтылы жүзеге асырудың нақты жолдарын ұсынды. Бұл бағытта халық қалаулыларының Президент алға қойған міндеттерді ортақ ойласып шешуге жұмылуы қайтарымды болмақ. Шынында да, қазір арқаны кеңге салатын уақыт емес. Ұлт Жоспарын жүзеге асыруға бекемдік пен белсенділік қажет. Кәсіби Парламент жасақтау бұл уақыт талабы. Осыны түсінген Парламент Мәжілісі депутаттарының бастамасы қолдауға әбден лайық. Бұл арада әркімнің жеке бас пайдасы емес, елдіктің көрініс беруі қуаныштысы. Елдің ертеңі үшін жұмыс істейтін халық қалаулыларының күрделі жағдайда қынулы қимыл көрсететіндей қауқары болғаны ұтымды болмақ.

Әлемдік экономикаға тығыз интеграцияланған Қазақстанның белгілі бір қиындықтарды бастан өткеруі табиғи жайт. Дағдарысты еңсерудің ішкі мүмкіндіктері жеткілікті. Тек соның бастау бұлақтарын тауып, ішкі резервтерді тиімді пайдалануға жол сілтейтін, бағыт-бағдар беретін жүйе болуы керек. Жаңарған Мәжіліс пен мәслихаттар дағдарыс жағдайында алдан шығатын күрделі міндеттерді шешуге күш салатын болады. Халық мерзімінен бұрын өткізілетін Мәжіліс және мәслихаттар сайлауында мұндай депутаттарға дұрыс таңдау жасайды деп ойлаймын.

Халық сенім артқан азаматтардың дағдарыс жағдайында дамуға бағыт ұстап отырған бүгінгі жағдайды жете түсінгені көңілді орнықтыра түседі. Қаржы қиындығына қарсы тұру үшін тұрақтылық пен тастүйін тегеурінді іс-қимыл қажет. Мәжіліс депутаттары осындай батыл бастама жасау арқылы елдің ертеңін, халықтың қамын ойлайтындықтарын айқын аңғартты. Бұл шын мәнінде тарихи да, тағылымды шешім болғанын жұртшылық айқын сезіп отыр.

Жаңаша жұмыс істеуге машықтану дамыған 30 елдің қатарына енуге екпін берері сөзсіз. Біз экономиканы дамытуға байланысты неғұрлым жаңаша ойлап, дағдарыстың мүмкіндіктерін кәдемізге жаратсақ қана қиындықтан қиналмай шығамыз. Елбасы дағдарысты еңсерудің барлық негіздері мен қағидаттарын нақтылап берді. Енді барлығымыз Елбасы қасынан табылып, еліміз үшін ерен қимыл көрсетуіміз керек. Бұл бағытта ортақ Отанымыз – Қазақстанның қарқынды дамуы жолында баянды бастама көтеріп отырған мәжілісмендерді қолдап қана қоймай, мерзімінен бұрын өтетін сайлауда елдің ертеңі жолында қажырлы қайрат көрсететін азаматтарға таңдау жасалатынына сенім артамыз. Мұның өзі елдіктің өнегесі, мемлекетшіліктің үлгілі үрдісі болды деу орынды болмақ. Мерзімінен бұрын сайлау өтіп жатса жаңа күш, тегеурінді толқын келеді деп үміт артамыз.

Қасымжан БАЙСАДАҚОВ,
Қазақстан Журналистер одағы Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы.

АҚТӨБЕ.

Елбасы үдесі ел ішінде

Қарағандыдағы «Фитохимия» халықаралық ғылыми-өндірістік холдингінде ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлт Жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған мақаласын талқылаған жиын өтті.
Мәні терең бұл шараға «Фитохимия» холдингінің жетекші ғалымдары, ғылыми қызметкерлері, докторанттар, магистранттар, жас мамандар және Қарағанды фармацевтикалық зауытының инженер-техникалық қызметкерлері, жиыны 100-ден астам адам қатысты.

Қайрат ӘБІЛДИНОВ,
«Егемен Қазақстан».

Елбасы мақаласын талқылау жиынын «Фитохимия» холдингінің басқарма төрағасы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, ҰҒА академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор Сергазы Әдекенов ашып жүргізіп отырды.

Жиында «Фитохимия» холдингінің бас ғылыми хатшысы, химия ғылымдарының кандидаты Гүлім Мұқышева баяндама жасап, жарыссөзге зертхана меңгерушісі, химия ғылымдарының докторы, профессор Бораш Төлеуов, Қарағанды фармацевтикалық зауытының директоры, фармацевтика ғылымдарының докторы Евгений Толоконников шығып сөйледі.

Гүлім Мұқышева өз баяндамасында Елбасы мақаласында айтылған көкейкесті және өміршең мәселелерге жеке-жеке тоқталып, олардың мәнмағынасын терең талдап түсіндірді. Әсіресе, мемлекеттік қызмет реформасын іске асыру, мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақысын төлеу, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын жетілдіру, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, еліміздің индустриялануын тиімді жүргізу және экономикалық даму, қазақстандықтардың денсаулығын нығайту және өмір сүру деңгейін көтеру үшін отандық дәрілік препараттар өндірісін ұйымдастыру туралы маңызды міндеттердің күн тәртібінде өткір тұрғанын ерекше атап өтті.

Инвестициялық саясаттың негізгі бағыттарының бірі ретінде техникалық және кәсіптік білімді дамыту, жоғары оқу орындарының ғылыми ұйымдармен және өндіріспен ықпалдастықта жұмыс істеуі, «Барлығы үшін тегін кәсіптік-техникалық білім» атты жаңа жобаны жүзеге асыру мәселелері де талқылаудан тыс қалмады.

Сондай-ақ, Гүлім Мұқышева «Фитохимия» халықаралық ғылыми-өндірістік холдингі мен Қарағанды фармацевтикалық зауытының базасында Қарағанды облысында фитофармацевтикалық кластер құру мәселесіне баса назар аударды. Бұл кластер отандық фармацевтика саласының дамуы үшін консорциум түрінде жұмыс істейтін болады. Фитофармацевтикалық кластерді дамыту бағдарламасы бойынша отандық фармацевтикалық өндіріс үшін инженерлік қызметкерлер құрамын даярлау және қайта даярлау қарастырылған.

Елбасы мақаласында айтылғандай, қазіргі таңда елімізде Дүниежүзілік банкпен бірлесе отырып «Технологияларды коммерцияландыру» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Аталған бағдарлама бойынша 65 ғылыми жоба орындалу үстінде. «Фитохимия» холдингі фармацевтикалық өндіріске инновациялық технологияларды әзірлеп, енгізу үшін өзінің ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру және инвестицияларды тарту бойынша жұмыстар жүргізеді. 2015 жылдың желтоқсан айында «Фитохимия» холдингіне Карачи университеті химия және биология ғылымдары халықаралық орталығының директоры, профессор Мухаммад Икбал Чоудхари (Пәкістан) іссапармен келді. Белгілі ғалым сол сапардың қорытындысында «Фитохимия» холдингінің ғылыми-инновациялық әлеуетіне оң баға беріп, холдингті COMSATS қорының құрамына кіргізуді ұсынды. Ал COMSATS қорының басты мақсаты – ғылым және техника саласы бойынша ислам мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықты нығайту және бірегей ғылыми-зерттемелерді қаржыландыру. Сондай-ақ, қор ғылым және инновациялық технологияларды дамыту үшін, сонымен қатар, жас мамандарды химия және фармакология салалары бойынша дайындау үшін гранттар бөледі.

Холдинг қызметкерлері «Бес институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» – Ұлт Жоспары негізіндегі «Фитохимия» холдингінің алдында тұрған міндеттерді саралап, оларды орындау барысында тиімді болар-ау деген өз ұсыныс-пікірлерін білдірді.

ҚАРАҒАНДЫ.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлауларын мерзімінен бұрын өткізу туралы бастаманы қолдау туралы МӘЛІМДЕМЕСІ

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы депутаттардың Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауын мерзімінен бұрын өткізу туралы бастаманы қолдауды өзінің азаматтық борышы деп санайды.

Тәуелсіздік таңы атар тұста, ең алғашқы қоғамдық ұйымдардың бірі болып құрылған Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы Қазақстанның атамекеннен жырақта тұратын әлем қазақтарымен өзара байланысын қамтамасыз етеді.

Азаттықтың алғашқы күндерінен бастап елімізге әлемнің әр қиырынан 1 миллионға жуық қандасымыз көшіп келді. Бүгінде олар қоғамның түрлі саласында жемісті еңбек етіп, қастерлі Қазақстанымыздың дамуына сүбелі үлестерін қосуда. Сонымен бірге, шет мемлекеттерде тұратын бауырларымызбен тығыз рухани қатынас орнады. Қазір Ұлы Дала елінен тысқары жердегі әрбір қазақ тарихи Отанының қамқорлығын сезінуде. Олар атамекенінің өсіп-өркендеп, «Мәңгілік Ел» болуына тілектес. Бұл бес институттық реформаны жүзеге асырудың Ұлт Жоспары мен дағдарысқа қарсы стратегияның табысты жүзеге асуына тікелей байланысты. Еліміз үшін тағдырлы маңызы бар осы екі міндетті мүлтіксіз орындау үшін халықтың жаңа сенім мандатына ие болған президенттік реформалар Парламенті қажет.

Осыны ескере отырып, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлауын мерзімінен бұрын өткізу туралы бастаманы толығымен қолдай отырып, барша отандастарымызды оның жүзеге асуына үлес қосуға шақырады.

Жаңа ұрпаққа жаңару тән

Қазіргі депутаттар, өз сөздерімен айтар болсақ, өз міндеттерін толығымен атқарды, қоғамдағы өзгерістерге орай ендігі жерде жаңа леп, жаңа тыныс керек.

Қайсыбір нәрсені, мәселені болмасын белгілі бір уақытпен шектейтініміз рас. Алайда, кейде шектелген сол уақыттың өзі көп, енді бірде аз болып жатады. Осы реттен келгенде жаһандық деңгейдегі әралуан саяси оқиғалар, экономикалық жағдайлар, қалыптасып отырған қоғамдық көңіл күй басқаша қарауды – жаңа бір өзгерістерді талап етеді. Айналада болып жатқан қоғамдық құбылыстардың жылдамдығына қарап, уақыттың шапшаңдығына таңғаласың. Бүгінгі заман қасаңдықты, жайбасарлықты көтермейді. Уақытпен ілесіп отыру үшін де белгілі бір шапшаңдық керек.

2016 жылдың басы еліміздің саяси өмірінде жаңа жаңалықтармен басталуда. Бұл жаңалықтар мемлекеттік қызметті де, өндірісті де, ауыл шаруашылығын да, бизнесті де, білім мен мәдениетті де, сот пен құқық қорғау орындарын да, т.т. реформалауды қамтиды. Тіпті, жол мен көлік қатынасының өзі де Қазақстан экономикасының әлемдік экономикада өзіндік орын алуына, себебі тиіп табыс көзі болғалы отыр.

Ел экономикасын дамыту болашағы бағытындағы 100 нақты қадам – Ұлт Жоспары бүгінгі қоғам дамуына жаңа әрекеттерді, жаңа іс-қимылды қажет етеді. Сондықтан, депутаттар Мәжілісті тарату жөнінде Елбасына арнайы үндеу жариялады. Ол Үндеуде: «... Біз парламенттік аламанға қатысуға және мемлекеттік стратегия мен саясатты жүзеге асыру жауапкершілігінің бір бөлігін өзіне алуға дайын екендіктерін сан рет мәлім еткен барлық саяси партияларды адал және ашық күреске – жаңа сайлауға қатысуға үндейміз. Сонымен қатар, біз еліміздің барлық қоғамдық бірлестіктері мен үкіметтік емес ұйымдарын, барша азаматтарды біздің бастамамызды қолдауға шақырамыз. Біз ел дамуының жаңа және жауапты кезеңіне аяқ бастық және онда бірлігіміз бен тұтастығымызды нығайта түсу арқылы ғана өз жетістіктерімізді қорғап, Отанымызды дамудың жаңа белестеріне шығара аламыз. Біздің Қазақстанымыз – біздің ортақ үйіміз! Біздің Отанымыз бір, Тағдырымыз бір!» делінген. Ал бұл бастаманы қоғам түгелдей құптайтынына күмән жоқ.

Сәрсенқұл БИҚОЖА,
«Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы.

ҚЫЗЫЛОРДА.

Төменгі палата тарихи миссиясын атқарды

Бүгінгі экономикалық ауыртпалық жалғыз Қазақстанды ғана емес, бүкіл әлемді шырмап тұрғаны ақиқат. Десе де, елімізде оған қарсы бағдарламалар қабылданып, дағдарыстың салқыны мен салдарын болдырмауға арналған түрлі іс-шараларды қолға алдық. Елбасымыз Ұлт Жоспарын қабылдап, баршамыз бірігіп орындауымыз тиіс «100 нақты қадамды» бекітті. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауында да, жуырдағы мақаласында да бұл аядағы міндеттер одан әрі саралана, нақтылана түсті.

Әрине, қазіргі Парламент өз кезеңіндегі барлық міндеттемелерді орындады. Заңнамалық жүйеміз қалыптасты, нығая түсті. Төменгі палата тарихи миссиясын атқарды. Депутат В.Косарев бүгінгі Мәжілістің бес институттық реформаны жүзеге асыруға арналған 80-дей заң қабылдағанын айтты. Жол карталарына жол ашты. Сондықтан, алдағы уақытта Мәжіліс құрамының өзгеріссіз қалуы пайдасыз болар еді. Яғни, заң шығарушы орган жаңа жетістіктерге жету үшін жаңарып, түлеп отыруы қажет. Заңнамалық актілер, заң жобалары жетіле түсуі үшін халықпен, үкіметтік емес ұйымдармен, бизнес-қауымдастықпен тығыз байланыста жұмыс жүргізілуі қажет. Бұл жергілікті мәслихаттарға да қатысты. Мұның барлығы қазіргі дағдарыстың алдын алуға көмектеседі. Жұмылған жұдырықтай бір болғанда біздің бағындыратын биігіміз де жоғары болмақ.

Сондықтан, Мәжілістегі «Нұр Отан», «Ақ жол» және Қазақстанның коммунистік-халық партиясы фракцияларының өкілдері жариялаған қазіргі Парламентті тарату және мерзімінен бұрын сайлау өткізу жөніндегі қажеттіліктен туындаған үндеуін қолдаймын.

Иә, сайлауды тезірек өткізіп алсақ, алдымыздағы мақсат-міндеттерді жүзеге асыруға да уақыт әрі күш-жігер табылатыны анық. Бұл елімізді дағдарыстан алып шығуға тиімді жол ашатын нақты қадам болар еді.

Қазақстанды жаңғыртудың жаңа кезеңі басталған сәтте Президент алға қойған барлық бағыттағы тапсырмаларды тап-түйнақтай орындаудың маңызы зор. Сондықтан, аталған үндеудің дағдарыстың салмағын жеңілдететін тарихи маңызы болуы ықтимал.

Олег ЧЕРНЫШОВ,
Шығыс Қазақстан облысы талдау және болжау институтының директоры.

ӨСКЕМЕН.

ЖАҢҒЫРУҒА БЕЛ БАЙЛАУ

Суреттерді түсірген Ерлан ОМАРОВ.

Ұлттық даму құзыреттілігі

Кез келген ұлт, ел үшін өзіндік өсу, өзіндік талпыныс, өзіндік өмір сүру бағыты керек және мұндай әрекет міндетті түрде болады. Онсыз ұлттың өмір сүруі де мүмкін емес. Ал Қазақ елі үшін бұл – тіптен, қажеттілік. Ұлт Жоспарының болуы болашақ үшін белгілі бір өмірлік бағытты ұстанатын «Темірқазық» іспеттес. Сондықтан, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» атты Ұлт Жоспары ресми, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, білімдік мазмұнды тұтастай қамтитын ірі тарихи құжат болып табылмақ. Бұл жоспарды Елбасының 2015 жылғы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты халыққа Жолдауының ішкі құрылымдық тармағы деп те, Жолдаудың тақырыптық жалғасы деп те қабылдауға болады.

Жолдау да, Ұлт Жоспары да – 25 жыл өз еркімен өмір сүріп отырған Қазақ елінің, ондағы халықтың XXI ғасырдағы өмір сүруін тарихи тұрғыдан ашып көрсететін ұрпақ алдындағы деректі дәлеліміз. Ендігі жерде әр қазақстандық жоспарлық бағдарламаның әрбір қадамын келешекке түсіндіріп, жүзеге асырылуына өз кәсібімен, мамандығымен, шеберлігімен, білімімен, қабілетімен, іскерлігімен атсалыса білуі тиіс. Себебі, оны жеке Үкімет немесе Мемлекет басшысы ғана іске асыруы мүмкін емес. Ең бастысы, бағыт бар, сол бағытты қоғамды жаңаша құруда қолдана білу – қажетті нәрсені көре білу деген сөз. Елбасының ұлттық даму үшін осындай нақты жұмыс жоспарын ұсынуы халықты алға серпіліспен, сеніммен өмір сүруге жетелейді. Бұл талқыланып отырған Ұлт Жоспарының әрбір жолында айқын көрініс тауып отыр. Оның астарында мемлекет жасампаздығы, ұлт дамуы мен халықтың рухани, мәдени, білімдік жағынан өсуі жатыр.

Жоспар жайдан-жай құрыла салмағаны түсінікті. Мұнда ел жағдайы, мемлекеттің ішкі-сыртқы саясаты, білімдік, ғылымдық, әлеуметтік, мәдени, дәулеттік, табиғи қор факторлары тұтастай ескерілген. Елді ойландыратын түйткілдер жоспар мазмұнынан тыс қалмағанын құжатты терең зерделеп, саралау арқылы көз жеткізуге болады. Жоспарға іліккен әрбір заңдық қадам елдің көкейкесті мәселесімен сай келеді. Ал тарихи құжаттың басты мақсаты да сол – халық, ел ойынан шыға білу. Нақтыласақ, Ұлт Жоспары бағдарламасынан тәуелсіз, еркін өмір сүретін мемлекеттің және ондағы қоғамның жаңа көзқараста өмір сүруіне ықпал жасап, негізін жасап беру мақсатын түсінеміз.

Ұлт Жоспары 5 реформалық мазмұнда белгіленіп, соның әрқайсында ауқымды мәселелер қозғалады.

«Мемлекетті кәсібилендіру» 1-реформасы он бес өзекті мәселені негізгі нысанаға алып, Қазақстандағы лауазымдық құзыреттілік танымын шешуді көздейді. Лауазымдық құзыреттілік үшін аталған қадамның әрқайсысы маңызды, оның ішінде нәтиже – еңбекақы; нәтиже – төлем; өңірлік үйлестіру коэффициенті, Әдеп кодексі сатылары мемлекеттік қызметтегі лауазымдық жүйені реттеуде негізгі өлшем болып табылмақ, әрі кез келген қызметкердің кәсібилігі мен біліктілігі жағынан лауазымдық құзыреттілігіне сай болуын талап етеді.

«Заң үстемдігін қамтамасыз ету» 2-реформасы он тоғыз басты өлшемді белгілеп, заңдық құзыреттілікті арттыру мен соған орай біліктілікті жетілдіру мәселесін оңтайландырып, қоғамдық қатынасты құқықтық, заңдық тұрғыдан реттеуді оңтайландыруға жетелейді. «Заң үстемдігі» реформасында 3 сатылы сот төрелігі, халықаралық заңгерлік кеңестің құрылу мәселесі, қоғамдық кеңес жүйесі; қылмыстық құқық бұзу картасы; әлеуметтік оңалту жүйесінің алға қойылуы халықтың өмірлік талабымен сай келеді. Әрбір қоғам мүшесі қоғамдағы қарым-қатынас, заң білу құзыреттілігін осы екінші реформа арқылы кеңейте алады.

«Индустрияландыру және экономикалық өсім» 3-реформасы елу сатылы өлшемді қамтыған. Аталып отырған реформада адам капиталы сапасы мен 12 жылдық білім берудің кезеңдік енгізілуі, табысты мектептерді ынталандыру; 10 алдыңғы қатарлы колледж бен 10 ЖОО-да білікті кадр даярлау; «Назарбаев Университет» тәжірибесімен ЖОО-ының академиялық және басқарушылық дербестігін кезең-кезеңмен кеңейту; білім беруде жоғары сынып пен ЖОО-да ағылшын тілінде оқытудың кезеңдік жүйесі өлшемдік қағидаттарының да ұмыт қалмауы көңілді жадыратады. Мұнда педагогтар мен ғалымдар үшін маңыздысы оқу, оқыту, ғылыми кадр, ағартушылық, ғылыми жұмыс құзыреттіліктерінің артуы болып табылады. Сондықтан, педагогтар мен ғалымдар бұл қадамдарды іске асыруда білгірліктері мен іскерліктерін барынша танытуға кіріседі де, білімдік, ғылымдық аяда құзыреттіліктерін жүргізе алады.

«Біртектілік пен бірлік» атты 4-реформасында алты сатылық өлшем қарастырылып, бірлік, ынтымақтастық, ұлттық, бұқаралық ақпараттық байланыс талаптарын игерту көзделеді. Бұдан ел басшыларының ұлттық, татулық пен бірлестік, тіл, сөз бостандығы үшін құзыреттілікті кеңейтуге жол салып отырғанын көреміз.

5-реформа «Есеп беретін мемлекеттік қалыптастыру» бағытының мәнділігі мемлекеттік аппарат жұмысын бағалаудың жаңа жүйесінің; «Ашық үкімет» мәселесінің; мемлекеттік басшылар мен ЖОО басшылары есебінің; мемлекеттік пен әкімдік жанындағы қоғамдық кеңестің халық алдында онлайндық тұрғыда қойылуымен көрінеді. 5-реформаны оқып, таразылау арқылы мемлекеттің, мемлекет басшыларының есеп беру құзыреттілігінде біліктілік және талдау жасай білу талап етілетінін байқаймыз.

Жалпы, талқылауға түсіп отырған Ұлт Жоспары бағдарламасы Қазақстан халқына өмір сүру құзыреттілігін жаңжақты игертіп, адамзаттық, ұлттық бағыт ұстануына ықпал жасайды.

Ырысгүл ШАҚАМАН,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты.

Біз үшін әр күніміз қымбат

Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі депутаттарының Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының мерзімінен бұрын сайлауын өткізу туралы бастамасын қолдаймыз. Шынында, Қазақстанның жаңа жаһандық сын-қатерлерді еңсеретін нақты жоспары, жаңа жаһандық нақты ахуал жағдайында дамуы туралы стратегиясы мен нақты Ұлт Жоспары бар. Әрбір саланы елеп-екшеп, артық-ерекшелігін, кем-кетігін назарында ұстап, әрдайым соны ұсыныстар мен тың идеяларды ортаға салып, халықтың жұмыла жұмыс істеуіне негіз болып отырған Ұлт Жоспары күрделі кезеңдегі күре жолды тағы бір мәрте айқындап берді.

Еліміз ұлы мақсаттарды жүзеге асыруда. Қазақстан әлемдегі аса дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуды жоспарлап отырған ел. Ендеше, келешегіміздің кемелдігіне алаңдап отырған халық қалаулыларының бастамасына қолдау білдіріп, болашақтағы жемісіміз нәрлі болу үшін атсалысқанымыз абзал демекпін. Яғни, 2016 жыл – Қазақстан халқы үшін маңыз беріп, мазмұнын айқындайтын ең мәртебелі жыл болуы тиіс. Ғұмырлы ел болайық деген асқақ рухта Тәуелсіздіктің тұғырын орнықтырып, негізін қалағанымызға, дүниежүзіндегі дербес мемлекеттердің қатарына енгенімізге 25 жыл толады. Біз үшін әр күніміз қымбат.

Тұрсынбек СҰЛТАНБЕКОВ,
журналист.

Жамбыл облысы.

Бірден-бір дұрыс шешім

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Қазақстан халқына, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа өзін-өзі тарату туралы үндеуінің мәтінімен танысып, бірден-бір дұрыс шешім деген тұжырымға келдім. Қазақстандықтар мерзімінен бұрын сайлау өткізу тәжірибесін жақсы біледі. Талай күрделі кезеңдерде Парламент Мәжілісін тарату жөніндегі ұсыныстар қабылданып, қиын тығырықтан жол тауып шыға алғанымызды ескеретін болсақ, қазір қалыптасқан жағдайдың аса күрделі екенін ескермеуге әсте болмайды. Мәжіліс депутаттарының барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының мерзімінен бұрын сайлау өткізу туралы үндеуінде айтылғандай, өзге әлем елдері секілді Қазақстан да күрделі кезеңге тап болып отыр. Дүниенің төрт бұрышын қыспаққа алған дағдарысты еңсеру үшін ел ішіндегі ұлттық бірлік, экономикалық қапысыз тастүйін дайындық ауадай қажет екені айтпаса да түсінікті. Қолға алынған реформаларды жүзеге асырудың басым бағыттары елімізде барлық салалар бойынша қамтылған. Бүгінгі күні республика тұрғындары Елбасының Ұлт Жоспарын мүлтіксіз орындауға жұмыла кіріскен.

Десек те, Президент ұсынған жаңа бағдарлама – бес институттық реформаны дәйектілікпен орындау үшін тың күштер қажет-ақ. Сондықтан, кәсіби біліктілігі жоғары жаңа Парламент қалыптастыру, оның құрамын жастармен, әртүрлі мамандық иелерімен толықтырудың оңтайлы сәтін тиімді пайдалана білсек, ұтарымыз көп болмақ. Осылайша халықтың саяси шешім қабылдауына мүмкіндік берілсе, сын-қатерлерді болдырмаудың, алдын алудың жаңа жолдары табылары сөзсіз.

«Кеңесіп пішкен тон келте болмас» дегендей, Мәжілістегі үш фракция мен Қазақстан халқы Ассамблеясының депутаттардың уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы үндеуі ел қамын ойлаудан туған парасатты шешім екенін баса айтқым келеді.

Бақытжан СӘМИЕВА,
Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты, Іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы.

ПЕТРОПАВЛ.

Ұлт Жоспарын кәсіби мамандар орындайды

Елбасымыз дағдарыстың өте ауыр жүретіндігін қаржылық қарбалас, қиындықтар басталмай тұрып-ақ ескерткен. Дүниежүзілік сауда ұйымына кіргенде бәсекеге қабілетсіз кәсіпорындарымыздың көбі жұмысын тоқтататындығын да жасырмаған. Сол кезең келді. Өндірісін әлі жолға қойып үлгермеген, шикізатқа тәуелді елдердің көбі сансырап қалды.

Алайда, стратегиялық Ұлт Жоспары бар, мақсаты айқындалған Қазақстан «100 нақты қадам» бағдарламасын іске асыру арқылы аз шығынмен дағдарыстан шығуды көздеп отыр. Ал дағдарыс соққыларын еңсеру үшін кәсіби біліктілігі күшті, экономикалық қабілеті мықты, әлемдік өзгерістер жағдайында жұмыс жасай алатын Парламенттің керектігі күн тәртібінде тұрған.

Сондықтан Парламент депутаттарының Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа мәжілісті тарату және түрлі деңгейдегі мәслихаттар сайлауын өткізу жөніндегі үндеуін дұрыс деп есептедік.

Парламент естеңеге алаң болмай, қалғып-мүлгіп отырсақ да арқаңнан қағатын нағашыңның үйі емес. Әлемдік дағдарыс Сырдың суы сирағынан келмейтін мықты мемлекеттердің өзін әлтек-тәлтек бастырып жіберді. Қазақстанның өз алдына ел болып, тәуелсіздік алғанына жиырма төрт жылдан енді асты. Бұл мерзім экономикалық қуаты мықты мемлекеттердің қатарынан орнын нық алды дегенді білдірмейді. Өндіріс орындары енді аяғынан тұрып жатыр. Көп жағдайда мұнайға, түрлі шикізатқа тәуелді болып келгеніміз жасырын емес.

Еліміздің Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов «Өткен жылы мұнай бағасы 20-30 долларға түссе іске асатын жоспарларға дайындалдық», деді. Қазір мұнай бағасы барреліне 29 доллардан айналып тұр. Яғни, мемлекет бюджеті қайта нақтыланады.

Осындай жауапты кезеңде кәсіби Парламенттің керектігі әбден білінеді. Мұны бұрынғы мәжілісмендеріміз де біліп, дұрыс қадам жасады. Ендігі шаруа, барлық деңгейдегі сайлауларымызды аз шығынмен өткізіп алып, экономикалық қуатымызды еселеуге жұмыс жасау. Жаңа Парламенттен күтеріміз көп.

Шәріпбек ЖАМАЛБЕКОВ,
Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты.

ШЫМКЕНТ.

Қазақстан Фермерлер одағының Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының мерзімінен бұрын сайлауларын өткізу жөніндегі бастаманы қолдау туралы МӘЛІМДЕМЕСІ

Қазақстан Фермерлер одағы атынан Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының мерзімінен бұрын сайлауын өткізу жөніндегі бастаманы қолдаймыз. Әлемдік экономикалық дағдарыс ахуалы жағдайында еліміздің аграрлық саласының еңбеккерлері ел экономикасында терең сілкіністерді болдырмау жөніндегі ықпалды және тиімді шараларды қабылдау үшін қолда бар барлық мүмкіндіктерді жұмылдыруға деген ұмтылысты барынша қолдайды.

Саяси және экономикалық тұрақтылықты қолдай отырып, Фермерлер одағы тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін сақтауға және дамытуға бағытталған Елбасының стратегиялық бағытын жалғастыруға деген ұмтылысқа бірігуді жақтайды.

Бүгінгі бүкіл әлем және Қазақстан үшін күрделі болып отырған жағдайда халық сенімінің мандатын қуаттаудың және дағдарысқа қарсы шешуші іс-қимылдарға кірісудің маңызы зор.

Барлық қазақстандықтарды Парламенттің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың мерзімінен бұрын сайлауын өткізу жөніндегі бастаманы қолдауға шақырамыз.

Қазақстан жастары Конгресінің Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының мерзімінен бұрын сайлауларын өткізу жөніндегі бастаманы қолдау туралы МӘЛІМДЕМЕСІ

Еліміздің жастар ұйымдары атынан Қазақстан жастарының конгресі Парламент Мәжілісі депутаттарының Парламенттің және барлық дәрежедегі мәслихаттардың мерзімінен бұрын сайлауын өткізу жөніндегі бастамасына қолдау көрсетеді.

Біз бесінші шақырылымдағы Мәжіліс депутаттарының атқарған жұмысына жоғары баға береміз. Осы құрамдағы депутаттардың қызметінің барысында жастардың азаматтық, әлеуметтік және экономикалық белсенділігін арттыру үшін құқықтық база қалыптастыру жөнінде орасан зор жұмыс атқарылды.

«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» жаңа заң қабылданды. Сонымен бірге, мемлекет өміріндегі азаматтық қоғамның рөлін арттыруға жастардың гуманитарлық әлеуетін арттыруды қамтамасыз ететін бірқатар маңызды бастамалар іс жүзіне асырылды.

Мерзімінен бұрын сайлау өткізу жөніндегі бастамаға байланысты жасалған қадам депутаттардың азаматтық бастамаларды кеңейту үшін жаңа мүмкіндіктер ашуға деген ұмтылысын көрсетеді. Бұл қадам үлкен реформалар тұсында және дағдарысқа қарсы шараларды іс жүзіне асыру барысындағы заңды қадам болып табылады. Ол депутаттардың сенім мандатын жаңартуға, сонымен бірге, басты заң шығарушы органға жаңа күштерді тартуға ықпал ететін болады.

Халықаралық «Қазақ тілі» қауымдастығының МӘЛІМДЕМЕСІ

Халықаралық «Қазақ тілі» қауымдастығы Парламент депутаттарының Мәжілісті тарату және Парламент пен барлық деңгейдегі мәслихаттардың мерзімінен бұрын сайлауын тағайындау туралы бастамасын қолдайды.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мемлекетті түбегейлі жаңғыртудың шешуші кезеңіне және әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың күшейген шағына тұспа-тұс келіп отыр.

Еліміз мерейлі белес жылында аса жауапты екі емтиханнан да абыроймен өтуі қажет. Парламент депутаттары өткен жылы 5 институттық реформаны заңнамалық қамтамасыз ету бағытында орасан жұмыстар атқарды. Енді оны нақты іс жүзінде жүзеге асыру кезеңі келді.

Біз құрамы қайта жаңғырған Мәжіліс Ұлт Жоспарын жүзеге асыруға және «Қазақстан-2050» Стратегиясының асқақ міндеттерін мүлтіксіз орындауға серпін береді деп санаймыз.

Сонымен бірге, әлемдік экономиканың беталысына қарасақ, алдымызда ең күрделі, қиын кезең тұр. Ендеше, жаһандық дағдарыстың келесі, қуатты толқыны келмей тұрып, еліміздің сайлау науқанынан тезірек өтіп алғаны және басқа ештеңеге алаңдамай, дағдарысқа қарсы шараларды мұқият жүзеге асырғаны маңызды деп есептейміз.

Осындай пайымдарды ұстана отырып, біз – халықаралық «Қазақ тілі» қауымдастығы отандастарымызды ел тағдырына бейжай қарамай, халық қалаулыларының бастамасын қолдауға шақырамыз.

ХАЛЫҚТЫҢ АРМАНЫ

Жаңа қазақстандық арман – бүкіл халықтың арманы

(Соңы. Басы 1-бетте).

Палата Төрағасының ұсынысы бойынша Сергей Громов Парламент Сенаты Төрағасының орынбасары болып сайланды. Одан басқа, сенатор Төлеубек Мұқашевтың Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетіне ауысуы туралы шешім қабылданды.

Сенат отырысында халықаралық төрт құжат ратификияланды.

Палата Азия Инфрақұрылымдық инвестициялар банкі келісімінің баптарын ратификациялау туралы заңды қабылдады. Азия Инфрақұрылымдық инвестициялар банкі (АИИБ) қызметінің негізгі бағыты инфрақұрылымға және басқа да өндірістік секторларға инвестициялар салу жолымен Азиядағы экономикалық дамуға, әл-ауқатты жасауға және инфрақұрылымның өзара іс-қимылын жақсартуға жәрдемдесу болып табылады. 2015 жылғы 29 маусымда Бейжіңде қол қойылған келісімге сәйкес, Қазақстан АИИБ-нің құрылтайшы мемлекеттері қатарына енеді. Қазақстанның АИИБ капиталындағы жалпы үлесі 729,3 миллион АҚШ долларын немесе 0,7293 пайызды құрайды. Бұл көрсеткіштер бойынша біздің еліміз 37 өңірлік мүшелер арасында 17-ші орынды иеленеді. 2016-2018 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру жөніндегі Республикалық бюджет комиссиясының 2015 жылғы 8 тамыздағы отырысында мүшелік жарналарды төлеуге қажетті қаражаттың жыл сайынғы сомасы 5 396,45 млн. теңге болып мақұлданды. Құжатты ратификациялау инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға Қазақстанға ұзақ мерзімді несиелік ресурстарды әкелуге мүмкіндік береді.

Жан-жақты талқылай келіп, сенаторлар Қазақстан мен Халықаралық Қайта құру және даму банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Өнімді инновацияларды ынталандыру жобасы) ратификациялау туралы» заң жобасын қарады. Қазақстан мен Халықаралық Қайта құру және даму банкі арасында қол қойылған келісім еліміз үшін жоғары сапалы, өзекті зерттеулер жүргізуді және технологияларды коммерцияландыруды ынталандырады. Құжат ғылыми-зерттеу институттары, жобалау бюролары мен инженерлік және ғылыми бейіндегі зертханалар арасындағы ынтымақтастықпен байланысты құқықтық қатынастарға қолданылады. Келісімде ғылыми қызметкерлер топтары үшін гранттар, постдокторанттардың зерттеулері мен тренингтерін қолдауға арналған гранттар беру, технологиялық жеделдету кеңселерін құру мен оларды басқару және Қазақстанның ірі университеттерінде технологиялар трансфертінің тиісті кеңселерінің әлеуетін арттыру белгіленген. Жобаны қаржыландыруға жалпы шығындар сомасы 110 миллион АҚШ долларын құрайды, оның ішінде 88 миллион АҚШ доллары – Халықаралық Қайта құру және даму банкінің қарызы. Республикалық бюджеттен қарызды қосымша қаржыландыру 22 миллион АҚШ долларын құрайды. Жобаны 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқтау жоспарланып отыр.

Сенаторлар Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияны да ратификациялады. Конвенция 1960 жылғы 14 желтоқсанда Парижде қабылданған. Құжаттың мақсаты адам құқықтарының жаппай сақталуын және барлығының білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ұлттар арасындағы ынтымақтастықты орнатуды, сондай-ақ білім беру саласындағы кез келген кемсітушілікке жол бермеуді және осы саладағы жалпыға бірдей мүмкіндіктер мен барлығына тең қарымқатынастарды көтермелеуді көздейді. Конвенцияда «білім беру саласындағы кемсітушілік» ұғымы ашылады, кемсітушілік ретінде қарастырылуы мүмкін іс-қимылдардың нақты тізбесі беріледі, мүше мемлекеттер білім беру саласындағы кемсітушілікті жою немесе алдын алу мақсатында оларды орындауы тиіс бірқатар іс-шаралар санамаланады, сондай-ақ діни және ұлттық азшылыққа жататын адамдар үшін білім беру саласындағы кепілдіктер де баяндалады.

Қазақстан мен Қырғызстанның үкіметтері арасындағы мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттама да ратификацияланды. 2003 жылғы 25 желтоқсанда қол қойылған екіжақты келісімге сәйкес Қазақстан-Қырғызстан мемлекеттік шекарасында 1 теміржол және 11 автокөлік өткізу пункті орнатылған. Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы 2013 жылғы 11 сәуірде қол қойылған хаттама теміржол өткізу пунктін Меркі стансасынан Шалдуар стансасына көшіруді көздейді. Көрсетілген өткізу пунктін көшіру туралы шешім тауарларды, көлік құралдарын мемлекеттік шекара арқылы өткізуді және жеке тұлғалардың шекараны кесіп өтуін оңтайландыру және ретке келтіру мақсатында қабылданды. Өткізу пунктін Меркіден Шалдуарға ауыстыру елдің транзиттік әлеуетін дамытуға жәрдемдесетін болады.

Ұсынылған заң жобалары бойынша Ұлттық экономика министрі Ерболат Досаев, Білім және ғылым министрі Аслан Сәрінжіпов, Инвестициялар және даму министрі Әсет Исекешев қажетті түсіндірме берді.

Депутаттар сенатор Төлеубек Мұқашевты Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі етіп сайлау туралы ұйымдастыру мәселесін қарады.

Инвесторлар үшін «бір терезе»

Елімізде енді инвестициялық жобаны жүзеге асыруға қажетті барлық мемлекеттік қызметті «бір терезе» қағидаты арқылы халыққа қызмет көрсету орталықтарынан-ақ алуға болады. Кеше Астанадағы осындай қызмет көрсету бөлімінің жұмысымен Инвестициялар және даму министрі Әсет Исекешев танысты.

Динара БІТІКОВА, «Егемен Қазақстан».

Халыққа қызмет көрсету орталықтарында «бір терезе» қағидаты арқылы инвесторларға қызмет көрсету бөлімдері жаңа жылдан бері еліміздің барлық облыстарында іске қосылған болатын. Инвестициялар және даму министрлігінің мәліметіне қарағанда, Қазақстанда қазіргі таңда инвесторларға қызмет көрсететін 19 бөлім жұмыс істейді. Оның екеуі Астанада, үшеуі Алматыда, ал қалғаны облыс орталықтарында орналасқан. Бұл бөлімшелер инвесторларға бюрократиялық және әкімшілік салмақты айтарлықтай төмендетеді деп күтілуде.

«Тез өзгеріске ұшырап отырған сыртқы жағдайларда инвесторлар мен шағын бизнес үшін бюрократиялық кедергілерді жоюға қатысты реформаларды жылдам жасау керек. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша өткен жылы министрлікте басымдықты жобалар үшін «бір терезе» қағидаты бойынша қызметті жүзеге асырдық. Біз барлық меморгандармен нормативтік-заңнамалық базаны қарастырдық. Енді биылдан бастап кез келген инвесторлар үшін кеңес беру мен барлық рұқсатнамалық құжаттарды ұсыну қамтылып отыр. Яғни, әрбір инвестор меморгандарға жүгінбестен, ХҚО-ға келіп, бір жерден 350 мемлекеттік қызметті алуға мүмкіндік жасалып отыр», деді Ә.Исекешев.

Бұл тұрғыда жерді пайдалану, құрылыс жұмыстарына қажетті құжаттар, сәулеттік-жобалау ғимараттары, инвестициялық шартты бекіту және басқа да қызметтер қамтылып отыр. Атап айтқанда, осы инвесторларға қызмет көрсету секторларында тиісті құжаттарды беру барынша қысқа мерзімде атқарылмақ. Мұнымен қоса министр қазіргі кезде мобильдік қызметтер бойынша жұмыстар жалғасып жатқандығын жеткізді.

«100 нақты қадам» Ұлт Жоспары аясында ақпаратқа қолжетімділік бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Биыл 4 маңызды портал құралатын болады. Оның негізгі мақсаты – барлық министрліктер сайттарда бағдарламалар, бюджеттер, сатып алулар туралы барша ақпаратты халық үшін қолжетімді етуге міндетті», деді Ә. Исекешев. Сондай-ақ, министр еліміздің инвестициялық ахуалына да қысқаша тоқталып өтті. «Әлемдегі дағдарыс салдарынан 2014 жылы инвестицияның төмендеуін байқадық. Талдау деректеріне сүйенсек, инвестициялар мұнай-газ және тау-кен секторларында төмендеді. Ал өңдеуші саладағы инвестиция көлемі өзінің деңгейін сақтап қалды», деді Ә.Исекешев. Осы орайда министр дағдарысқа қарамастан, индустриялық бағдарлама өңдеуші салаға оң әсер еткенін атап өтті.

«Біз инвесторлармен жұмыстарды жалғастырудамыз. Индустриялық бағдарлама бойынша жобалардың жалпы пулының 150-ден астамы шетел инвесторларының қатысуымен жүруде. Дағдарысқа қарамастан барша инвесторлар жұмыстарын жалғастыруда, яғни нысандарды жүзеге асыру мен тиісті құрылыс жұмыстары жүруде. Жаңа инвесторлармен жұмыстар атқарып жатырмыз. Күн сайын министрлікке 5-10 инвестор келеді. Біз оларға қай салаға инвестиция салу керектігі, жеңілдіктер алу тұрғысында кеңес береміз», деді. Осы орайда министр енді инвесторлар қарапайым қызметтерді барынша қысқа мерзімде алуға мүмкіндік ашылғанын баса айтты. Алдағы екі жылда халыққа қызмет көрсету орталықтарында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер саны арта түспек. Ә.Исекешев бүгінде халыққа қызмет көрсету орталықтарында көп қызметтерді алуға болатынын айта келе, «биыл бірнеше құрылымдарды біріктіреміз, осы орайда ел азаматтары халыққа қызмет көрсету орталықтарында 530 қызметті алатын болады. Біз екі жылдың аясында, әрі кетсе үш жылда барлық 700 мемлекеттік қызметті ХҚО-ларда жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз», деді.

Ұлттық мұрағаттағы ұлағатты жиын

Кеше Астанадағы Ұлттық мұрағат ғимаратында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлт Жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» бағдарламалық мақаласы аясында Мемлекет тарихы институты Ұлттық мұрағат және «Жас тарихшылардың республикалық қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуының қазақстандық жолы: нәтижелер, жетістіктер, болашағы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Мұндағы негізгі әңгіме қазақстандықтардың тарихи санасын қалыптастырудағы Президент – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың рөлі, мемлекеттіліктің қалыптасу жолы, экономика мен қоғам дамуының келешегі, «Ұлт жоспарына» қатысты мәселелер болды. Одан ары Тәуелсіз Қазақстандағы көпэтносты қоғамның өмірлік құндылығы, егемен елдің Конституциясы мен заңдары және бүкілхалықтық сенім, мемлекетті кәсібилендіруге қатысты ғылыми тұжырымдар тілге тиек етілді. Сонымен қоса, заманауи кеңістіктегі төзімділік және халықаралық ынтымақтастықтағы адами қатынастардың өзекті тұстарын, еуразиялық кеңістіктегі ықпалдастық бағыттары мен қазақстандық бірегейлікті дамытудағы ғылыми зерделеу тәжірибелері алға тартылды.

Шара аясында «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 25 жыл» атты құжатты көрме көпшілік көңілінен шықты. Көрмеде Ұлттық мұрағат қорынан алынған, ел тәуелсіздігінің алғашқы кезеңінен бастап дамуы мен қалыптасу тарихын айшықтайтын құжаттар қойылған екен. Мәселен, тұңғыш заң жобалары, Қазақстан астанасын көшіру мен атауын өзгерту туралы құжаттар мен Елбасының өмірі, еңбек жолы туралы тың деректер видео-фотоқұжаттар түрінде ұсынылды.

Айта кетейік, тақырып шеңберінде біраз мәселе қаузалды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің Қазақстан мемлекеттілігін қалыптастыру және нығайтудағы рөлі; Ұлт Көшбасшысы және Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясаты (1991-2015 жж); Қазақстанның Тұңғыш Президенті және елдің интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыру: идеядан іске асыру бағыттары; Қазақстан Республикасы Президентінің қазақстандықтардың тарихи өзіндік санасын қалыптастырудағы рөлі; Президент Н.Ә.Назарбаев және Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері; Н.Ә.Назарбаевтың еуразиялық идеясының саяси философиясы: қазақстандық даму жолдарының негізі сынды мәселелер қызу талқыға түсті.

Алқалы жиында Мемлекет тарихы институтының директоры Бүркітбай Аяған, Парламент Мәжілісінің депутаты Камал Бұрханов, Ұлттық мұрағаттың Бас директоры Марат Әбсеметов, Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Сыртқы істер министрі, мемлекет қайраткері, дипломат Төлеутай Сүлейменов терең толғамды әңгімелер айтты. Содан соң Қазақ гуманитарлық заң университетінің оқытушысы, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор Әбдіжәлел Бәкірдің «Мәңгілік Ел» идеясы – ұлтты ұйыстырудың ұлы күші», Мемлекет тарихы институтының бөлім бастығы, тарих ғылымдарының докторы Ғани Қарасаевтың «Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев және Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясаты», Мемлекет тарихы институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әлима Ауанасованың «Қазақстанды жаһандық жаңғыртудағы Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың рөлі» атты және басқа баяндамалар мазмұндылығымен ерекшеленді.

Шара соңында Ұлттық мұрағат пен «Алжир» мемориалды-мұражай кешенінің ұжымдарына институттың кітаптары сыйға тартылып, Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясына мүшелікке қабылданғандар құттықталды.

Раушан ТӘУІРХАНҚЫЗЫ, журналист.

Ізгі ой, игі бастама

Ләйла ЕДІЛҚЫЗЫ, «Егемен Қазақстан».

«Елбасының «Ұлт Жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» тақырыбында жарық көрген мақаласы Ұлт Жоспарын жүзеге асыруға жалпыұлттық қозғау салды. Бұл, шын мәнісінде, қоғамдағы барлық саланы жандандыруға бағытталған «жол картасы» немесе іс-қимылдар жүйесі іспетті». Қазақстан Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры Наталья Калашникова осылай деді

Оның айтуынша, бұл мақалада елді ілгерілетуге жол ашатын нақты тетіктер көрсетіліп, маңызды бағыт-бағдарлар айқындалған. «Жаңа жылдың қарсаңында Мемлекет басшысы «Ұлт Жоспары – 100 нақты қадамды» жүзеге асыруға сеп болатын бірқатар Жарлықтарға қол қойды. Бұл Тұжырымдама қазақстандық біртектілік пен бірлікті нығайту мен дамытуды көздейді. Онда жалпыұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді нығайтудағы жаңа мүмкіндіктер мен тетіктер көрсетілген», – деді Н.Калашникова. Сондай-ақ, ол Қазақстан халқы Ассамблеясын 2025 жылға дейін дамытудың жаңа Тұжырымдамасына сәйкес, жұмыстың жаңа институттық бағыттары айқындалғанын, бұл ең бірінші кезекте, Мемлекеттік тілдің ұлттық корпусы және «Мың бала» секілді жобаларды одан әрі тиімді жүзеге асыруға ықпал ететінін жеткізді. Мәселен, «Мың бала» жалпыұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында барлығы 235 мыңға тарта бала қатысқан 7863 іс-шара өткізіліпті. Шаралардың нәтижесінде 44 мыңға тарта жасөспірім мемлекеттік тілді оқып, үйренген.

«2015 жыл – Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы, «Ұлт Жоспары – 100 нақты қадамды» қолға алу жылы. Бұл жыл 5 институттық реформаға қажетті кең әлеуметтік базаның қалыптасуына және қазақстандық біртектілік пен бірлікті нығайтуға ықпал етті. Жалпы алғанда, алдағы уақытта жүзеге асырылатын

реформалардың құқықтық негізін жандандыру жүзеге асырылды. Мәселен, 50-ден астам нормативтік-құқықтық актілер қабылданды, «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңға өзгертулер енгізілді, бірінші рет заңдық тұрғыда «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы бекітілді, «Қайырымдылық туралы» Заң қабылданды», – деді «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры. Осылай деген ол алдағы уақытта біртектілік және бірлік сипатындағы барлық жұмысты Қазақстан халқы Ассамблеясының айналасына шоғырландырып, іске асыру көзделіп отырғанына, себебі Қазақстан халқы Ассамблеясы «Қазақстандық даму жолының» және «Бейбітшілік моделі мен қоғамдық келісімнің» өзегі екеніне тоқталды. «Әлеуметтік сауалнамалар жүргізудің қорытындысы бойынша ел тұрғындарының 98 пайызы «Біз – Қазақстан азаматымыз!» деген ұстанымға мақтанышпен қарайтынына, халықтың 94,2 пайызы «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы құндылықтарын қолдайтынына, ал 92,8 пайызы Қазақстандағы этносаралық келісімді сақтау мақсатындағы мемлекеттік саясатқа оң көзқараспен қарайтынына көз жеткіздік», деді ол өз сөзінде.

Брифинг барысында биыл Қазақстан Тәуелсіздігіне 25 жыл толатыны, сонымен қатар, осы жылы 5 институттық реформа белсенді түрде жүзеге асырыла бастайтыны, жалпыұлттық жобалардың іске асырылуында негізгі рөлді Қазақстан халқы Ассамблеясы иеленетіні айтылды. Мәселен, бір ғана «Үлкен ел – үлкен отбасы» жобасы аясында бүгінгі күнге дейін 20-ға тарта іс-шара атқарылған екен. Ал «Тайқазан. ҚХА – 20 игі іс» жобасына 4,5 мың елді мекен қамтылып, оған 2,9 млн. адам қатысқан. Соғыс және тыл ардагерлері, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылар «Қамқор» акциясы аясында 413 млн. теңге көлемінде қаржылай көмек алса, 300-ге тарта дімкәс балаға 41 млн. теңге мөлшерінде медициналық көмек көрсетілген.

«2016 жылы осындай сипаттағы игі шаралар өзінің жалғасын таба бермек. Мемлекет тарапынан қолға алынған барлық шаралар «Ұлт Жоспары – 100 нақты қадам» шеңберінде, оның ішінде елдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін сақтауды негізге ала отырып, жүзеге асырылатын болады», деді Н.Калашникова.

Суретті түсірген Ерлан ОМАРОВ.

ҮМІТТІ ЖАЛҒАДЫ

Австралиялық модель.

Оның артықшылығы неде?

Елбасы жуықтағы «Ұлт Жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласында жер қойнауларын пайдалану мәселесіне тоқтала келе «Қазірдің өзінде аукцион тетігін енгізу жолымен жер қойнауын пайдалану құқығын ұсыну ресімі жеңілдетілді. Ал болашақта біз іздеуді, бағамдау мен кен орнын игеруді қоса алғанда, геологиялық жұмыстардың барлық түрін жүргізу тәсілін оңайлатуды қарастыратын жер қойнауын пайдаланудың австралиялық моделіне көшеміз», деп жазды. Жер қойнауын пайдаланудың австралиялық моделі дегеніміз не? Оны қалай жүзеге асыруға болады? Осы сұрақтармен ҰҒА академигі, жер пайдалану саласындағы білікті ғалым Зайролла ДҮЙСЕНБЕКОВКЕ хабарласқан едік.

– Қазақстан ұлан-байтақ жерге ие. Біз өзіміздің аумағымыз жөнінен алғанда әлемде тоғызыншы орын алатын елміз. Алайда, осы үлкен аумақтың басым бөлігі минералды-шикізаттық әлеуеті тұрғысынан алғанда толық зерттелмеген. Біз өз жеріміздің астында қандай байлық көздері жатқандығын білу үшін міне, осы жерлерді зерттеуіміз керек. Ал ол зерттеулерді жүргізу үшін және тиісті байлық көздерін игеру үшін қаржы қажет. Тек қана мемлекет қаржысына сүйеніп бұл істі алға жылжыта алмаймыз. Оны әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Әлемде жер қойнауларын зерттеу, ондағы минералды шикізат көздерін анықтау және игеру ісіне жеке инвестициялардың жұмсалатындығы белгілі. Соның ішінде дамыған елдерде жер қойнауларын пайдалану саласына қазіргі заманғы озық технологиялармен қаруланған жекеменшік компаниялар белсенді түрде тартылуда.

– Ендеше, біз неге осы іске жеке инвестицияларды тартпаймыз?

– Міне, гәп осында. Бізде жер қойнауларын зерттеу жұмысына инвестиция салуға шетелдіктердің де, өз ішімізден шығып жатқан кәсіпкерлердің де оншама ықыласы жоқ. Тіпті, ықыласы болды деген жағдайдың өзінде осы істі ұйымдастыруға, түрлі жобаларды әзірлеп, іске асыруға мүмкіндіктер болмай отыр. Себебі, біздегі жер қойнауларын пайдалану саласындағы заңдылықтар нарық жағдайына, соның ішінде әлемде соңғы уақыттары болып жатқан өзгерістерге мүлдем бейімделмеген. Осы жағдай бұл салада жедел қимылдауға мүмкіндік бермей келеді. Оның үстіне біздегі геологиялық барлау саласындағы кәсіпорындар көбінесе осыдан 30-40 жыл бұрын шыққан ескі әдістемелер мен технологияларды пайдаланып жүр. Міне, осындай олқылықтар салдарынан жеріміздің зерттелуі кенже қалып отыр.

– Осы олқылықтарды қалай түзетуге болады?

– Әрине, ол үшін еліміздің инвестициялық мүмкіндіктерін арттыруымыз керек. Сырттан қаржы тартуымыз керек. Осы үшін қазіргі күні жер қойнауларын пайдалану саласындағы заңдылықтарға өзгерістер енгізілуде. Әсет Исекешев бастаған Инвестициялар және даму министрлігі осы бағытта көптеген жұмыстар жүргізуде. Бұған Жер ресурстарын басқару комитеті де тартылуда.

Қазақстанға жер қойнауларын пайдалану саласында қандай модельді қолданған тиімді? Осы бағытта әлемдік тәжірибелер біраз зерттелді. Біз үшін негізінен алғанда кейбір жағдайлар үшін австралиялық модель тиімді деп табылуда. Оның басты қағидаты «бірінші келген бірінші болып алады» деген ұғымға тіреледі. Бұл Австралияда бұрыннан басшылыққа алынып келе жатқан қағида.

– Сонымен, бұл модель несімен тиімді болып отыр?

– Біріншіден, Австралияның жер бедері мен байлығы, климаттық жағдайы бізге біршама ұқсас. Екіншіден, бұл елде қолданылатын батыс австралиялық модель Қазақстанның тау-кен саласын дамыту бағытындағы жоспарларын жүзеге асыру үшін қолайлы болып отыр. Аталған елдің батыс бөлігінде жылына 10 және одан да көп жобалар құрылып, жүзеге асырылады. Батыс Австралияның аумағының 27 пайызы геологиялық іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін толық лицензияланған. Ал бізде Қазақстандағы жер аумағының 90 пайызға жуығы әлі күнге дейін минералды шикізат әлеуетін ашу бағытында зерттелмеген.

Дегенмен, соңғы жылдары бірқатар халықаралық ірі компаниялар Қазақстандағы бизнесті дамытуға өз үлестерін қосу үшін ынта танытып келе жатқаны белгілі. Бірақ, осы ынтаны іс жүзіне асыру үшін, яғни ынтадан іске көшіп, нақты келісімдер жасасу үшін біздегі заңнамаларға әлемнің дамыған елдерінің, соның ішінде жер қойнауларын пайдалану саласында дамыған елдердің стандарттарына сай келетін өзгерістер еңгізілуі қажет.

Міне, осы өзгерістерді енгізу алдында біз жоғарыда әңгіме етіп кеткен австралиялық модельге назар аударылуда. Бұл модельдің қаншалықты құндылығы туралы жоғарыда айтып кеттік. Енді осы әңгімені біздегі жағдаймен салыстыра жалғастыратын болсақ, бізде жер қойнауларын пайдалану саласындағы келісімшарттарды жасасу үшін кемінде 1,5-2 жылдай уақыт кетеді екен. Өйткені, бұрынғы заңнамаларда инвесторларға қажетті құжаттарды беруден бастап, келісімдер жасасуға дейінгі мерзім тым ұзартылып жіберілген. Себебі, іске пайдасы жоқ көптеген құжаттар талап етіледі. Мұндай жағдайда қазіргідей жедел даму, капитал айналымын тездету қажет етілетін заманда қандай инвестор төзімділік танытып, біздің жайбасарлығымызға көніп жүре бермек. Жайбасарлық деп отырғандығым, мәселен, Австралияда жер қойнауларын пайдалану саласындағы қажетті құжат инвесторға 2 сағаттың ішінде беріледі екен. Мұнан кейін егер инвестор ықылас білдіретін болса, келісім жасасу мерзімі өте жедел жағдайда жүргізіледі. Осындай жеделділік пен жасалынатын қолайлы жағдай арқасында Австралия жер қойнауларын пайдалану бойынша әлемде бірінші орынға шыққан. Осының нәтижесінде бұл елде бір шаршы шақырым жерді зерттеуге жұмсалған шығын 480 долларға дейін жеткен. Себебі, Австралиядағы жер қойнауларын пайдалану саласына инвестициялар молынан келген. Ал бізде бір шаршы шақырым жерді зерттеуге жұмсалған шығын көлемі бар болғаны 30 долларды ғана құрайды екен.

Заңға тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін енді бізде де инвестормен келісімдер жасасу мерзімі бұрынғы 1,5-2 жылдан 1 айға дейін қысқартылатын болады.

– Істі жеделдетеміз деп өзіміздің минералды шикізат байлықтарымызды шетелдіктерге тым арзанға беріп қойып жүрмейміз бе?

– Менің білуімше, бұл мәселе де жақсы ескеріліп отыр. Жер қойнауларын пайдалану саласындағы австралиялық модель әлі зерттелмеген аумақтар үшін ғана қолданылатын болады. Оның үстіне бұл мәселе әлі де пысықталу үстінде. «Әттегенайлап» сан соғып қалмау жағы ескерілуде.

Ал біраз зерттеліп, бойында қандай шикізат көздері бар екендігі анықталған жерлерді берудің де, бағалаудың да жолдары басқаша шешімін тапты. Мұндай жерлер аукцион арқылы беріледі. Бұл жұмыс қазірдің өзінде қолға алынып, жүргізілу үстінде.

Демек, әлі зерттелмеген, барлау жұмыстары жүргізілмеген, бойында ненің бар, ненің жоқ екендігі белгісіз жерлер үшін Елбасы мақаласында жазып кеткендей, іздеуді, бағамдау мен кен орнын игеруді қоса алғанда, геологиялық жұмыстардың барлық түрін жүргізу тәсілін оңайлатуды қарастыратын жер қойнауын пайдаланудың австралиялық моделіне көшуден қауіптеніп қажеті жоқ дер едім.

Жалпы, Елбасымыз еліміздің жер қойнауларының зерттелу жағдайын жақсарту, соның ішінде геологиялық барлау саласы бойынша әлемдік нарыққа шығып, осы іске неғұрлым озық технологияларды тарту ісіне үлкен көңіл бөлуде. Мұның өзі түсінікті де. Өйткені, біз қазір ашылған кен орындарына қарап «алтын сандықтың ішінде отырмыз» деп айтып жүргенімізбен, шын мәніне келгенде сол алтын сандықтың ішінде не бар екендігін нақты білмейміз. Ал бізге қазіргі уақытта оны біліп, анықтап қана қоймай, бар дүниені игерудің мүмкіндіктерін де қарастыру керек. Біз өз жеріміздің әлеуетін осылай ғана ашып, іске жарата аламыз.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен
Сұңғат ӘЛІПБАЙ,
«Егемен Қазақстан».

Ұлы арманға жетелейді

Бауыржан ЕЛЕУСІНОВ,
«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры, профессор.

Елбасының «Ұлт Жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» бағдарламалық мақаласын еліміздегі барша халықты бір мақсат жолында жұдырықтай жұмылдырып, ортақ іске, ортақ болашаққа бастайтын бастама ретінде қабылдап отырмыз.

Былтыр 26 сәуір күні Қазақстан халқы өзінің жарқын болашағы үшін аса маңызды, тарихи таңдау жасап, Қазақстан Республикасының Президенті етіп заманның да, уақыттың да, халықтың да таңдауы түскен тұлға Нұрсұлтан Назарбаевты сайлаған болатын. Сайлау өткен бойдан Елбасы 5 институттық реформа жасауды көздейтін «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарын ұсынған еді. Мемлекет басшысы Ұлт Жоспарында Тәуелсіз Қазақстанның болашаққа ілгерілейтін 100 қадамын нақты белгілеп, еліміздегі жаңғырту үдерісінің жаңа парадигмасын ұсынды.

Ал биылғы 1 қаңтардан бастап «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» – Ұлт Жоспарын орындаудың практикалық кезеңі басталды. Парламент мемлекет, экономика және қоғамды дамытуға арналған 59 заң қабылдап, ұлттық заңнамаға тарихымызда бұрын-соңды болмаған өзгерістер енгізілді. Мұның барлығы біздің қазақстандық арманымыз – XXI ғасырда көшбасшы отыз ұлттың бірі болуға қол жеткізуге бағытталған. Ең бастысы, бес реформаның әрқайсысы бойынша іс-қимылдың жол картасы жасалынып, оларды дәйектілікпен жүзеге асыру жоспарланған.

Мемлекетімізде жүргізілетін осы институттық реформалардың басты мазмұны – елді біріктіруші құндылықтарды негіз еткен «Мәңгілік Ел» идеясы. «Мәңгілік Ел» идеясы аясында қоғамда жаңаша идеологиялық сана қалыптастыру қажеттілігі туындауда.

Елді біріктіруші құндылықтар дегеніміз – әділдікке негізделген азаматтық қоғам құру, білім алу, еңбексүйгіштік, зайырлылық пен төзімділік, адамшылық, имандылық. Елбасы «Елді біріктіруші ортақ құндылықтарды этностық мінез-құлық модельдерінен жоғары қоюға қол жеткізуіміз керек» деген болатын. Азаматтық қоғам да осындай ортақ адамзаттық құндылықтарға сүйене құрылуы қажет. Осы ретте «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген данышпан хакім Абайды тыңдағанымыз жөн.

Мұндағы басты идея – еліміздегі ұлттарды біріктіретін ортақ, біртұтас болашаққа қадам басу. Қазақ халқы мемлекетті құраушы ұлт ретінде «Біртұтас болашақ» идеясы аясында өз айналасына өзге ұлт өкілдерін топтастырып, бірлікке шақыруы, болашаққа бірге жоспар құруды үйлестіруі қажет.

Реформаның тағы бір бағыты – ашық, транспаренттік мемлекет құру. Яғни, мемлекеттік ұйымдар мен құрылымдарды қарапайым халықпен жақындастыру. Халыққа есеп беруші, халықтың алдында тікелей жауапты мемлекет қалыптастыру. Бұл бағыттағы жоспарлар орындалғанда әрбір азамат қоғамдағы барлық істерге араласып, мемлекеттегі өзінің рөлін нақты сезінетін болады. Сондықтан, Елбасының азаматтық қоғам өкілдерінің бюджет қаржысын бөлуге қатысуын, қоғамның өзін-өзі реттеуін енгізуді, азаматтық қоғам институттарына билік өкілеттіліктерін бере отырып, мемлекеттік органдардың араласу аймағын қысқарту туралы айтқандарының маңызы зор.

Елбасы «Ұлт Жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» бағдарламалық мақаласында «Біз көптеген сынақтарға абыроймен төтеп бердік, шынықтық, рухымызды күшейттік. Біз жаңа Қазақстанды – Ұлы Дала елін құрдық. Ұлт Жоспарын орындай отырып, біз өзіміздің Ұлттың Өрлеу Дәуірінің көкжиектерін кеңейтеміз, өзіміз Тәуелсіздік жылдары ішінде қол жеткізген және бізге жаһандық даму берген барлық мүмкіндіктерді пайдаланамыз... Біз Қазақстанның осынау тарихи тағдырына сенеміз. Біз өзіміздің қазақстандық арманымыздың орындалуына және Қазақстанның өркендеуіне сенімді түрде қол жеткізетін боламыз!», – деп айқындай түскен.

Сондықтан жүзеге асырылатын Ұлттық Жоспарды ел ырысын еселеп арттыруға, экономикамыздың даму қарқынын өсіріп, халықтың әл-ауқат деңгейін көтеруге, басқару жүйесінің әділеттілігі мен заңның үстемдігін қалыптастыруға, білім мен ғылымның дамуына, еліміздің ынтымағының, біртектілігінің, Отансүйгіштік рухының кемелденуіне бастайтын бағдарлама ретінде қабылдап, оны жүзеге асыруға жұмыла кірісуіміз қажет.

ҚЫЗЫЛОРДА.

Білім беруге – жаңа технология

Светлана МУСИНА,
Хисмет Қапанов атындағы Орал халықаралық гимназиясы директорының орынбасары.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлт Жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты бағдарламалық мақаласында білім беру саласын реформалау адам әлеуетінің сапасын арттыруға жағдай жасайтынын атап көрсетті. Сонымен бірге, мектепке дейін және мектепте білім берудің жаңаша үйлестірілген стандарттарын әзірлеу және бекіту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын алға тартты. Мен бүгін осы аталған жұмыстардың тікелей басы-қасында жүрген кәсіби және практикалық маман-ұйымдастырушы әрі әдіскер ретінде өз ой-пікірімді ортаға салғым келеді.

Талас жоқ, барлық өркениетті елдердегі үдемелі үдерістер секілді біздің ортақ отанымыз – Қазақстан да білім берудің жаңа әдістері мен стандарттарына көшуі керек. Жаңа әдістер дегенде бұған дейін бізде қашықтан және онлайн режімінде оқыту секілді тәсілдер орнығып үлгергенін айта кеткен орынды. Алдағы уақытта Президент қойып отырған жаңа міндет отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді енгізу болып отыр. Бұл үшін бірінші кезекте Елбасы атап көрсеткендей, мектепке дейінгі тәрбиеге баса көңіл бөлінуі қажет. Оның басты бір жолы – мектепке дейінгі ұйымдардың вариативті желісін ұлғайту деп түсінемін. Бұл арада демографиялық жағдай және инклюзивті білім беру ерекшеліктері ескерілуге тиісті.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін алғашқы кезекте білім беру жүйесінің ұзақ мерзімді жоспарын жасағанымыз жөн демекпін. Республикамызда бұған дейін «Балапан» бағдарламасы тәптәуір нәтиже көрсетті. Осы тәжірибені одан әрі байытып, кемелдендіре түскеннің еш артықшылығы жоқ. Осы орайда аталған бағдарлама аясында Орал өңірінде де нәтижелі істер тындырылды. Бүгінде осы істер одан әрі жалғасын табуда. Атап айтқанда, облыс орталығында тоғыз жеке балабақша мен төрт жеке шағын орталық жемісті жұмыс атқарып келеді. Мұнда 793 бала тәрбие алады. Бұл фактор мемлекеттік балабақша кезеңінде тұрған балдырғандардың саны азаюына оң ықпалын тигізді. Сонымен бірге, үш жекеменшік балабақшаға 150 бүлдіршін мемлекеттік тапсырыс бойынша орналастырылды.

Республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаев экономикалық және әлеуметтік салалардың барлық ошақтарында мемлекет-жекеменшік әріптестігін орнықтыру қажеттілігін ұдайы айтып келеді. Ұлт Жоспары мен бес реформаны практикалық тұрғыдан іске асыру орайында Елбасы бұл міндетті тағы да шегелей тапсырды. Біз қызмет атқарып жүрген Хисмет Қапанов атындағы Орал халықаралық гимназиясы осы мемлекет-жекеменшік әріптестігінің жарқын мысалы бола алады.

Аталған оқу-тәрбие кешенінде бүгінде 170-ке тарта бала тәрбие мен білім алуда. Оның басты құрылымын балабақша мен 1-4 сынып аралығындағы бастауыш мектеп құрайды. Жалпы, үлгідегі үш қабатты оқу-тәрбие кешені ғимаратында балғын тәрбиеленушілерге барлық жағдайлар жасалған. Мұнда оларға арналған спорт залы мен жүзу хауызы, хореография, мәжіліс залдары бар. Мамандар үшін жабдықталған кабинеттерде де мін жоқ. Мұндағы кітапхана балаларға қажетті ең соңғы әдебиеттермен және әдістемелік құралдармен ұдайы толықтырылып отырады.

Біздің қазіргі мақсатымыз – еркін елдің ертеңіне уақыт пен заман талабына сай тәрбие мен білім беру және олардың болашақтарына айқын жолдама әзірлеу болып отыр. Бұл үшін бұған дейінгі тиімсіз білім беру тәсілдерінен бас тартылып, жаңа технологиялар қолданылуда. Осы технологияларға сәйкес арнайы оқыту түрлері бекітілген. Гимназияның басқа білім ошақтарынан басты айырмашылығы – оқу бағдарламалары ұлттық және халықаралық талаптар негізінде жүргізілуінде. Шәкірттерге білім қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде беріледі. Осы арада Ұлт Жоспарында Мемлекет басшысы қойған басты талаптың бірі де осы екенін еске сала кеткеннің артықшылығы бола қоймас.

Айрықша білім ошағы ұжымының алға қойған мақсаттарының бірі – халықаралық бакалавриат ұйымына мүше болу. Қазір бұл бағыттағы әзірлік жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Біздегі қолданылып жүрген жаңа технологиялардың бірі – балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға негізделген әрі олардың қозғалыс белсенділіктерін көтеруге бағытталған. Саламатты өмір салтын үйрету тәсілі – осы денсаулық сақтау технологиясының құрамдас бір бөлігі.

Гимназияда денсаулық сақтау іс-әрекетінің негізгі бағдарына санитарлық-эпидемиологиялық тәртіп пен гигиеналық талаптар да кіреді. Мұның сыртында дұрыс тамақтана білу, балалардың оқу-тәрбие үдерісі кезіндегі психологиялық қауіпсіздігі және емдеу-профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру деген мәселелер де бар. Бұған дейінгі тәжірибе педагогтардың іс-әрекеті әрбір баланың денсаулық жағдайы және дене дамуының деңгейі туралы ақпараттар алынғаннан кейін ғана жасалуы керектігін көрсетеді.

Денсаулық сақтау әрекетінің тиімділігі көп жағдайларда педагог, мамандардың тәрбиеленушілер отбасының өмір сүру жағдайымен де таныс болуына байланысты екені анық. Мұның бәрі ұйымдастырудың кешенді тәсілдемесінде жан-жақты қарастырылған. Жалпы, бүгінгі білім беру ісінің заманауи тұжырымдамасы әр жастың жеке тұлға ретінде дамып, өсіп-жетілуіне бағытталғаны белгілі. Олардың туабітті шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру ісі де дәл осы қатарда тұр. Біздің бүгінгі ұстанатын басты бағытымыз да осы арнадан тамыр тартады демекпін. Президент белгілеп берген жаңаша үйлестірілген стандарттарға біз тек осындай жолдармен жете аламыз.

Міне, Ұлт Жоспарына орай Елбасымыздың бағдарламалық мақаласында айтылған білім мен тәрбие беру ісіне байланысты көкейге келген ой-пікірлерімнің кейбір ұшқындары осындай.

Батыс Қазақстан облысы.

● *Тағзым*

Осы заман хакімі Әбіш еді

«Аққұсым әуелеп аспанға ұшып кетті, алтын қоңырауым үзіліп жерге түсті» деген екен бабаларымыз жақсысы мен жайсаңынан айырылып бір-біріне көңіл айтқанында. Әбіш дүниеден өткелі біздер де осындай жағдайда болып жүрміз. Әбекең біздің рухани өміріміздің ақ құсы, алтын қоңырауы емес пе еді?! Қазақ сөзінің хас шебері, баршамыз құрмет тұтатын хакім ғой Әбіш.

Біздер, қазақтар, сөзді тек сұлулығына ғана емес, оның мәнін, астарын терең түсінуге тырысып, ерекше бағалайтын халықпыз. Сондықтан да аталы сөздің хас шеберлерінің есімдері ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жетіп, халық жадында сақталуда.

Қазақ сөзінің қасиеті қонған хакім Абай деп мақтаныш етіп, өсиетін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп жатырмыз. Құдайға шүкір, Абайдан кейін де төл тіліміздің мәні мен нәріне ерекше үлесін қосқан кемеңгерлеріміз баршылық. Өткен ХХ ғасырда рухани көсеміміз деп баршамыз құрметтеген Ахаңды (Байтұрсынұлы), сол замандағы әдебиеттегі «алыптар тобының» туын тіккен Мұхаң (Әуезов) мен Ғабеңді (Мүсірепов) айтсақ та болады.

Осылармен қатар, қазақ сөзінің қасиеті қонғандардың бірі емес, бірегейі болып, ата жасынан абыз жасына бет алған шағында бәрімізді күңірентіп ойда жоқта дүниеден өткен Әбіш Кекілбайұлы еді. Сонау ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап соңғы күндеріне дейін қазақ сөзінің хас шебері деген халық берген зор атаққа Әбекең ие болып, ұстаған туын бір сәт те қолынан түсірген жоқ.

Талай жауһар туындылар – романдар, повестер, драмалық шығармалар, терең толғанысты ғылыми еңбектер Әбекең қаламынан үзбей шығып жатты. Біздер, оқырмандар, олардың көркемдігіне қызығып, айтылған ойдың тереңдігіне сүйсініп жүрдік. Ұлттық әдебиетімізде небір тебірене жазылған шығармалар баршылық. Бірақ, алысты болжап, өткен күндер мен өз заманымыздың ерекшеліктері мен талаптарын дәл басатын асыл ойдың тереңдігі жөнінде Әбекең шығармаларына тең келетін әдеби туындылар аз, тіпті жоқ десек қателеспеспіз. Осыған орай Әбіш Кекілбайұлының азаматтық тұлғасы туралы сөз қозғасақ, оны біздің заманымыздың терең ойшыл кемеңгер азаматы дер едім.

Әбекеңді жазушы ғана емес, ғалым деп айтуымызға да толық негіз бар. Оның айғағы «Егемен Қазақстанның», басқа да басылымдардың бетінде жарық көрген, өткен мен бүгін және болашақ туралы табанды ізденістері, соның нәтижесінде туған терең ой мен ауқымды тұжырымдар. Олардың негізінде мен Әбекеңді тек жазушы емес, біздің заманымызда хакім дәрежесіне лайық бірден бір азамат, тұлға деп санаймын.

«Әрбір ғалым хакім емес, әрбір хакім ғалым. Хакімнің ісі, мақсаты, ой шеңбері ғалымға қарағанда, әлдеқайда кең, әрі мазмұнды», деген екен данышпан Абай. Қазақстанда, құдайға шүкір, бұрын да, бүгін де майталман ғалымдар баршылық. Ашқан жаңалықтарымен әлем көкжиегіне көтеріле біліп, орнықты орын алып, ел мақтанышына айналғандары да бар. Дегенмен, алысты, көкжиекті көз жетпесе де ойлап шолу, қиялмен болжау басқа замандастарынан бұрын Әбекеңе тән қасиет. Сондықтан да хакім деген зор атақ бірден бір Әбекеңе жарасады. Оның болашақ туралы тамаша тебіреністері ешкімді енжар қалдырмайды.

Өзінің асыл ойларын замандастары түсінбегеніне қынжылып, қиналып еді данышпан Абай. Осылай асыл ойдың тұтқыны болу Әбекеңнің басында да болуы мүмкін, болды да. Өйткені, ойшыл адамның өмірі қай заманда да оңай болып көрген жоқ. Олар әрбір заман құбылысын терең түсіне, алысты көре біледі, заман қайшылықтарын, олардың салдарын болжай біледі. Осылардан туған ой-тұжырымдарды бірде айта аласың, бірде заманың үндемегеніңді қалайды. Өз заманыңның бірде ұлы, бірде құлы боласың деген сөздер осыдан туған шығар.

Әбекең – алты алашқа есімі танылған қаламгер, мемлекет және қоғам қайраткері. Бұлар шынайы берілген атақ, дәрежелер. Дегенмен, осының бәрі тек сырт көрініс қана. Мен білетін Әбекең – өте еңбекқор адам. Өмір бойы тынбастан ізденіс үстінде, терең ойдың құшағында жүрді. Небір жауһар туындыларды, асыл ойларды, Абай айтқандай, бұлқынтып базарға алып шығу үшін қанша тер төккенін Әбекең өзі ғана біледі, бірақ біздің байқауымызша, ол аз тер емес.

Өмірінің соңғы кездерінде Гете айтқан екен дейді: «Мені жұрт тағдырдың еркесі дейді. Өз өмірім туралы өсек айтып, өкініш жұтып неғылайын. Маған бұйырғаны ауыр бейнет болыпты... Бейне өмір бойы қойтасты көтерумен келемін». Осы айтқандай, шынайы талант қырлары тек тынбай ізденіс, еңбекпен ашылады. Жасампаздық жолында ауыр да жемісті еңбектің үлгісін Әбекең де көрсете білді.

Жоғарыда Әбекеңді мемлекет қайраткері дедік. Егемен еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының сенімді сарбазы болып өте жауапты қызметтер атқарды. Оларды әділ, халқына деген шынайы жанашырлықпен атқарды. Осында да Әбекеңнің қолына ұстаған туы асыл сөз болды. Сонау егемендіктің алғашқы жылдары Әбіштің мына бір қыран сөздері қиыншылыққа тіреліп, абыржыған халықтың көңілін орнықтырып, рухын көтеріп, жігерін өсіре біліп еді:

[illegible]

Осы бір асыл сөздерді Әбекең сонау егемендіктің алғашқы жылдары жаңа заманның ырғағына ілесе алмай, сары уайым сапырғандардың аптығын басу үшін айтып еді. Бүгінгі күндері баға өсіп, тұрмыс төмендеп, жалғыз біз емес, көптеген әлем елдерімен бірге дағдарысқа тіреліп тұрған кезімізде олардың сырын түсінбей, қиыншылығына төзбей жалған ұранын шулатып жүргендерге басу айту үшін Әбекеңнің осы қыран сөздері тура келіп-ақ тұрған жоқ па?! Қандай қиындық болса да оны жеңу үшін айқай-шу емес, қажырлы еңбек керек, болашаққа сенім керек, халқының бірлігі керек. Әбекең өсиеті біздерді осыған шақырады.

Әбекеңнің туып-өскен өлкесі – Маңғыстау. «Көзің барда Маңғыстауды көріп қал», деп ұран салатын еді Әбіш. Тек қана ұран емес, қолына қалам ұстағаннан бастап Әбекеңнің туған өлкесі туралы айтып, жазғандары тұтас бір шежіре. Әбекең таланты мен Маңғыстау табиғаты біртұтас, бірге туысқандай. «Кісі қаншалық дарынды болса, соншалық табиғат құшағына жақын» деген екен Бальзак. Осындай тамаша жарасымдықты Әбекең шығармашылығынан да көреміз. Әбекең шақыруымен бір емес бірнеше рет Маңғыстауға бардық. Оның қасиетті шоқыларының бәрінің басына шықтық. Бағзы заманнан еліне рух бола білген әулие-әмбиелердің басына барып тәу еттік. Осы бір тұла бойы тұнған тарихи өлке туралы, оның рухани қазынасы, жер байлығы, жалпы Маңғыстау өңірінің бүгіні мен ертеңі туралы Әбекең айтпаған әңгімелер жоқ. Баршамыз басымызды иетін көне даналар-әулиелер туралы да Әбіштен артық айтқан адам жоқ. Көрнекті әдебиетші Мырзатай Жолдасбеков Әбекеңнің көрегендігін, бойындағы әулиелерге тән жақсы қасиеттерін жоғары бағалап, оның өзін де әулиелер қатарына қосады. Бұл да шындықтан алыс жатпаған Әбекеңнің азаматтық тұлғасына берілген жоғары баға болуы керек.

Әбекеңмен бір емес, екі рет Торғай өңірін араладық. Барған сайын ертеде «Үркер» романын жазып жүргенде өздерімен талай әңгіме-дүкен құрған, ел тарихын жақсы білетін сол өңірдің қариялары іздейтін. «Осы өңірдің қара шалдарының тарихи жады мықты еді, «Үркерді» жазу үстінде көп мәлімет алып едім», деп отыратын Әбекең. Торғай халқы Әбекеңді туған баласындай сағынып қарсы алушы еді. Тек Торғайда ғана емес, Қазақстанның басқа өңірлерінде де Әбішпен кездескен халықтың қуанышын көріп, оны барша елінің сүйікті ұлы, ұлт перзенті екенін көзіміз көріп жүрді.

Бүгін Әбіш ортамызда жоқ. Өмірдің қайтып келмес желкеніне мініп кетті. Артында өзі еңбегін аямаған, ұрпақ өсіріп, өркениеттің жаңа асуларына бет алған халқы қалды. Артында рухани мол мұрасы қалды. Өскелең ұрпақ онымен сусынын қандыратынына сөз жоқ. Сөйтіп, ол әрқашанда бізбен бірге.

Артында сүйген жары Клара, ер жеткен перзенттері мен немерелері ат үстінде. Әбіш тіккен қара шаңырақтың туы әрқашанда желбіреп тұруын тілейік. Артында Иманғали сияқты ағасына тіреу бола білген біртуар азамат, інілері бар. Олардың амандығын тілейік.

Тұлғасыз ұлт – тұлдыр ұлт деген ұғым бар. Құдайға шүкір, үлкен тұлғалар кеше де, бүгін де ортамызда бар. Солардың бірі емес, бірегейі Әбекең. «Игі жақсыға жарымаған ел – бақытсыз ел», – деген екен Абай. Біз игі жақсыларды естен шығармай, есімін мақтанышпен айтатын халықпыз. Қазіргі замандағы игі жақсыларымыздың бірі емес, бірегейі де еді Әбекең.

Дәм-тұзымыз жарасқан замандас, сыйлас, сырлас болған досымыздың жарқын бейнесі әрқашан өзімізбен бірге, жаны жәннатта болсын!

Әр дәуірдің, заманның, ұрпақтың өзіне тән проблемаларын айта алатын, ауыртпалықтарын көтере алатын алып тұлғалары болады. Көпшілік халық оларды тыңдайды, айтқанын басшылыққа алады, мақтанады. Біздің Әбіш аға да сондай, Қазақ елі сөзін тыңдайтын, мақтанатын нар тұлғалардың бірі еді. Мейлі саясатта болсын, әдебиетте болсын, мәдениет пен өнерде болсын Әбекеңнің өзінің ерекше орны бар еді. Қоғамды толғандырған мәселелер туралы ел Әбекең не айтар екен деп отыратын. Білгір саясаткер, тарихшы, атақты жазушы, көсемсөз шебері, ақыл-ой алыбы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері Әбіш ағамыз өзінің бүкіл саналы ғұмырын өз ұлтына, мемлекетке, халқына қызмет етуге арнады.

Әбекең мінезге бай, өте байсалды, қарапайым, кішіпейіл, терең ойланып сөйлейтін, сөзге шешен, топ бастайтын көсем еді. Маған Әбіш ағамыз қазақтың атақты билерінің біздің заманымыздағы абыз өкілі сияқты көрінетін.

Ел тәуелсіздігінің қиын кезеңдерінде Әбекеңнің терең толғанып, халыққа арнап жазылған публистикалық толғаулары, сөздері, ұсыныстары, ұлы билердің көпшілік – халыққа айтқан шешімдеріндей естілетін. Ата газетіміз – «Егемен Қазақстан» газеті арқылы Әбекеңнің толғаныстарын оқыған қазақтың рухы, еңсесі көтеріліп, алға, жасампаз істерге ұмтылатын.

Ұлы адамдар қарапайым келеді дейді. Әбекең де сондай қарапайым еді. Біз Әбекеңмен депутаттар үйінде көрші болып 8 жылдай тұрдық. Бәрімізге, келіндерге, балаларға, немерелерге кездесе қалып сәлемдессе «Ой, айналайындар!» дейтін. Әңгімелесіп отырып, бір шешілсе, сөзді терең тарихтан толғап, жер қойнауынан буырқанып, атқылап жатқан бұлақтай көсіліп сөйлеп, әңгіме тиегі ағытылатын еді.

Осындай парасаты биік, періште адаммен қатар жүргенміз, сыйлас болғанымыз, аға-іні ретінде араласқанымыз, бірге Парламент Сенаты депутаты болып, бір үйде тұрғанымыз біз үшін бақыт деп есептеймін.

Әбекең жүрген жерінің бәрінде Қазақ ұлтына, Қазақ тарихына байланысты із қалдырып жүреді. 2002 жылы мен Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімі қызметін атқарып жүрген кезімде Әбекең Сайрам ауданына іссапармен келді. Қасында облыс әкімі Бердібек Сапарбаев және «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамының президенті Сауытбек Абдрахманов бар. Ол кезде Әбекең Мемлекеттік хатшы лауазымында болатын.

Түскі ас кезінде Әбекең маған: «Қуаныш, Мәртөбенің жағдайы қалай, орнында ма? Өзбекстанда қалған Орта Шыршықтағы Күлтөбе сияқты өзбек ағайындар тегістеп, егін егіп жіберген жоқ па? Ол төбенің қазақ тарихында алатын орны ерекше ғой! Мәртөбені көрейік, басына шығып, рахаттанып бір демалайық», деді.

Шымкент қаласының оңтүстік шығысындағы 10-15 шақырым жерде орналасқан ескі Сайрам шаһары мен сол маңдағы Мәртөбенің қазақ тарихында алатын орнының ерекше екендігі жөнінде Әбекең өзінің 1982 жылы жарық көрген «Үркер» романында жан-жақты тоқталған болатын. Алайда, өткен ғасырдың 80-ші жылдары салынған «Газли-Шымкент-Алматы» газ құбырының осы Мәртөбенің жанынан өтуі және жерді жекешелендіру кезінде тарихи орындардың сақталуына мән бермеудің салдарынан Мәртөбенің етек жағы кесіліп, Әбекең айтқандай өзбек ағайындар егін еге бастаған екен. Мен 1999 жылы ауданға әкім болып келген бетте Мәртөбені қоршатып, одан топырақ алуды, қазу жұмыстарын жүргізуді тоқтатып қойған болатынмын.

Түскі шайдан соң Мәртөбеге келдік. Төбесіне шығып, жан-жаққа көз тастап тұрып Әбекең: «Мынау Мәртөбе, біздің ата-бабаларымыздың, Қазақ хандарының XVII-XVIII ғасырда жылына екі рет: көктемде, күзде бас қосып, ақыл-кеңес құратын, құрылтай өткізетін орны болған. Мұнда қазақтың хандары, билері, батырлары, көсемдері мен шешендері, рубасылары жиналып, қазақтың алдағы жылғы ішкі және сыртқы саясатын ақылдасып, шешімге келетін жері болған. «Қазақтың кім екенін білгің келсе, мамыр өте Мәртөбеге кел» деген сөз содан қалған, мынау төбенің солтүстігі Қаратаумен, шығысы мен оңтүстігі Алатаумен, Қазығұрт тауымен қоршалған. Тек алды ғана, батыс жағы ғана ашық, ол Түркістан жағы. Ал, мына үлкен сай – Қызылсай! Мұның ұзындығы Шымқалаға дейін 30 шақырым, мұнда 200-300 мыңдай әскер тұрған, Мәртөбе үш жағынан таумен қоршалған. Ел басшыларының кездесіп, қауіпсіз кеңес құруына өте қолайлы жер болған».

Біз Әбекеңнің сөзін таспаға басып, облыстық «Оңтүстік Қазақстан», аудандық «Сайрам ақшамы» телевизиясы арқылы бірнеше рет көрсеттік. 2002 жылы аудан тарихына арналған «Шежірелі Сайрам» кітабына Әбекеңнің сөзін толық бердік. Енді сол кітаптағы Әбекеңнің сөзінен үзінді келтірейін: «Мына төбе қазақ тарихының гауһары. Арғы Әбілқайыр қайтыс болғаннан кейін Қазақ хандығының дұрыстап бірігуі осы арада жүзеге асқан. Қазақтың алғашқы заңдық, құқықтық жосықтары осында қамтамасыз етілген. Мұнда ең соңғы құрылтай өткізген Тәуке хан. Ол үш тараптан келген барша жұртты біріктіріп, үш жүзін үш ұлыс қылып, әрқайсысына қоныс бөліп, барлығына елтаңбаны қайта таңбалап, әрқайсының жүретін жолын, баратын өрісін, сағалайтын суын, көші-қонын Мәртөбеде белгілеген. Қазақтар жылына екі мәрте құрылтай өткізген. Біреуін күзде, біреуін көктемде. Оларда өріске байланысты жер-судың, қонысқа байланысты әрбір рудың көшуін қайтадан пысықтап отырған. Мәселен, бір жерде қатты қуаңшылық болса, сол жердегі ағайын Арқаға кімдермен бірге көшуі керек. Бұл да маңызды жайт. Халықаралық жағдайға байланысты Шығыстан Жоңғар тарапынан үлкен қысымшылықтар болып тұрды. Соған байланысты қысымшылықтарға қарсы жасалатын қарекеттердің ұлы жобасы осы арада келісіліп, кесіліп-пішілген. Сондықтан бұл Мәртөбе. Арғы мағынасы мәртебе...

Мәртөбе шын мәніндегі қазақтың тарихи Парламентінің, алғашқы Парламентінің орны. Мәртөбені рухани сақтау керек. Осылай түсіну керек, осылай тарихта таңбалау керек. Мен тарихты жамауға қарсымын. Тарихты жөндеу жараспайды», деп, маған қарап: «Қуаныш, айналайын, мына Мәртөбенің қалған сұлбасына ештеңе қоспаңыздар, ештеңе әрлемеңіздер, осы қалпында қалсын. Мәртөбеге жан-жағынан келетін жол салып отыратын, әңгіме-дүкен құратын, жиын өткізетін орын әзірлеп, қасиетті жердің табиғатына тиіспеу керек», деді. Сонан соң облыс әкімі Бердібек Сапарбаевқа қарап: «Беке, бұл жерде көктемде және күзде жылына 2 мәрте ата-баба рухына бас иіп, үлкен мәслихаттар өткізіп тұрған жөн. Ұрпақтардың бас қосуы бола ма, ақсақалдардың тәрбие, заман барысы жөнінде ақылдасуы ма? Қатып қалған ешнәрсе жоқ, бірақ ол халықтың өзінің пәтуасы болуға тиіс. Үкімет араласар, араласпас, бірақ ол билік араласатын саясаттандырылған мәслихат болмауы тиіс. Айтылатын, талқыға салатын мәселе көп. Ол қазақтың тәрбиесі. Қазақ баласының келешегі. Кәсіпке үйрену. Заман болса былай болып жатыр. Біз неден тартынуымыз керек. Жас ұрпақты неге баулуымыз керек. Осындай пәтуаны осындай жерде өткізгеніміз дұрыс. Мәртөбе қасиетті, қазақ қадірлейтін төбе. Ол Тәуелсіз Қазақстанның бір тарихи жері болып келеді. Ұрпаққа қызмет істеуі керек. Тарихи орын есебінде мұнда туристер келіп тұруы тиіс. Қалай қарайсыз?» – деді. Бекең: «Әбеке, айтқаныңыз өте орынды, басшылыққа аламыз. Мәртөбені Сіз айтқандай үлкен тарихи орынға айналдырамыз. Келетін жол салып, абаттандырамыз. Биылдың өзінде республика көлемінде ұрпақтар сабақтастығына байланысты өзіңіздің қатысуыңызбен үлкен жиын өткіземіз», деп маған қарап: «Мәртөбені абаттандыру туралы ұсыныспен маған келіңіз, қаржы бөлеміз, екі-үш айда бітіруіміз керек», деді.

Бір аптадан соң облыс әкімі Б.Сапарбаевты Мәртөбені абаттандыру жөнінде 2-3 эскиз-жобамен таныстырып, талқылап, одан бір эскиз-жоба құрап, келісімін алған соң, жұмысқа қызу кірісіп кеттік. 2002 жылдың тамызында «Мәртөбе» тарихи-танымдық кешені дайын болып, сол жылы қыркүйекте еңбек ардагерлері, зиялы қауым, Парламент депутаттары, облыс, қала, аудан әкімдері болып бас қосып Мәртөбеде ұрпақтар сабақтастығына байланысты үлкен, салиқалы жиын өтті.

Міне, Әбекең ағамыздың жүрген жері, айтқан сөзі, бүгінгі және келешек ұрпаққа мәңгі есте қалатындай тарихи орынға айналды. Осындай мысалдарды көптен келтіруге болады.

Әбекеңнің 60 жасқа толу мерейтойының қарсаңында өзінің досы Сайын Назарбекұлы Әбекеңнің өмірі туралы 60 қысқа әңгіме жазып, әбіштануды бастап жіберген болса, нағыз әбіштану әлемі енді басталмақ. Осыған байланысты менде бір шөкімдей болса да өз үлесімді қоссам деп, ағамызға деген үлкен құрметпен қолыма қалам алдым.

Дүниеге әкесі мен анасының баласы болып келіп, дүниеден – қазақ даласының данасы болып өткен қайран аға, жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын, жаның жәннатта шалқысын.

«Өлді деуге бола ма айтыңдаршы,
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған», деп ұлы Абай айтқандай, бүкіл саналы ғұмырын туған халқының, елінің игілігі жолында жан аямай еңбек етіп, артында өшпес із қалдырған, ғұлама ойшыл, атақты жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері – Әбекең ағамыздың есімі жадымызда мәңгі сақталады.

[illegible]

● *Қазақстан қалалары*

Павлодар



Суреттерді түсірген Валерий БУГАЕВ.

● *Сүйінші!*

32 жастағы ананың 5 баласы үшеммен толықты

Жолдасбек ШӨПЕҒҰЛ, «Егемен Қазақстан».

Атырау облысының Құрманғазы ауданында тұратын 32 жастағы Самал Шамханова үшем туып, 8 баланың анасы атанды. Бұған дейін ері Дидарбекпен бірге 4 қыз бен 1 ұл тәрбиелеп отырған Самал Шамханова құрсағына үшем біткенде төбесі көкке жетердей қуаныпты. «Бір қозы артық туса, бір түп жусан артық шығады» дейтін қазақы тәмсілді жетік білетін көпбалалы ана Самал да мұны Алланың ерекше сыйы деп қабылдаған. Әрине, дәрігерлер де Самалды ерекше бақылауға алыпты.

Жаңа жыл қарсаңында, яғни, өткен жылдың 26 желтоқсанында Самал Шамханова үш ұлды бір мезетте жарық дүниеге әкелді. Оған, әрине, облыстық перзентхананың дәрігерлері ота жасау арқылы көмегін берді. Сөйтіп, ата-анасы өздерін көл-көсір қуанышқа кенелткен үш ұлға Әлемхан, Ерхан, Тілеухан есімдерін беріпті. Үшемнің салмақ қосып, жағдайы жақсаруына бас-көз болып жүрген дәрігер-неонотолог Айгүл Сүндетованың айтуынша, 18 тәулік бойы үшем айрықша күтімге алыныпты.

Осы аптада өмірге іңгәлап келген үшемнен соң 8 баланың анасы атанған Самал Шамханова облыстық перзентхана дәрігерлеріне алғысын жаудырып, Құрманғазы ауданындағы өз ауылына аттанып кетті.

Атырау облысы.

● *Міне, қызық!*

Асық пішіндес автокөлік

Ержан БАЙТІЛЕС, «Егемен Қазақстан».

«Ел іші – өнер кеніші» деген рас сөз. Жұртшылықтың арасында түрлі өнерді меңгеріп қана қоймай, өз ойымен жаңа дүниелер құрастырып шығаратын азаматтар бар. Кеңес өкіметі қирап, Тәуелсіздіктің елең-алаңында талай дүниенің қадірі қашып кетті ғой. Сонда кеңшардан қалған көліктердің де тек қаңқасы қалған кезең болды. Ауылдағы Жұманазар деген ағамыз Газ-53 көлігіне трактордың моторын қойып жүргізгенде ағайынның бәрі айран-асыр таң қалған. Мұның өзі өнертапқыштық.

Ал, қызылордалық Ақдидар Әбдіхалықов отандық көлік өндірісін қазақы нақышпен көмкеріп, дамытуға ниет қылып отыр. Ол қазақстандық брендтердің бірі ретінде ұлттық құндылықтарымызбен астастыра отырып темір тұлпар жасағысы

келеді. Ойы ұшқыр жігіт қазірде асық пішіндес көліктің үлгісін дайындап қойды. Оны «Асықпа!» деп атаған. Ақдидар бұл үшін бір жылдай еңбектеніпті. Тіпті, өзінің жеңіл автокөлігін сатып, қаражатын осы тың дүниені жасауға жұмсаған. Автордың айтуынша, көліктің қаңқасын ағаштан иіп, былғарымен қаптап шыққан. Ою-өрнекпен көмкеріп, қыран бүркіттің де бейнесін ұтымды үйлестіре білген. Жылдамдық тетігін қамшыға, орындықтарын асыққа ұқсатқан. Енді ол өз қолынан шыққан жаңа көлік дизайнын патенттеп, Елбасына сыйға тартуды армандап жүр.

«Орындықтары да асық үлгісінде жасалған. Қамшы – ол да біздің қазақтың киелі бұйымының бірі. Сол қамшыны жылдамдық тетігіне орнаттым. Қазақы ұғымда қамшыны мақтаныш тұтып, қайсарлықтың, қайрат пен қуаттың символы ретінде қарайды ғой. Сол себепті оны да қолдандым. Ал, рөлін электрондық түймешемен келтірдім»,– дейді Ақдидар Әбдіхалықов.

Асық пішіндес «Асықпа» автокөлігін өндіріске жіберсе болатындай. Ою-өрнекпен көмкерілген, қыран бүркіті қалықтаған көлік мініп жүрсек, жарасымды емес пе?!

ҚЫЗЫЛОРДА.

● *Өнер*

Суретші Микеланджело сыйлығын алды

Халықаралық «Шабыт» шығармашыл жастар фестивалінің лауреаты Ренат Елубаев Италияның астанасы Рим қаласында өткен халықаралық суретшілер байқауында жеңіске жетті.

Дастан КЕНЖАЛИН, «Егемен Қазақстан».

Байқауға 170-ке жуық қылқалам шеберлері қатысты. Конкурсқа ол ұлттық нақыштағы суреттерін ұсынды. Осы туындылары төрешілерге ұнап, оның картиналары қазылардың шешімімен үздік деп танылды. Байқауда Ренат Елубаев Халықаралық Микеланджело Моисей мүсіншесін алды.

Сөйтіп, талантты отандасымыз қазақтан тұңғыш рет Халықаралық Микеланджело сыйлығының иегері атанды. «Мұндай үлкен сыйлықтар әртістерге, әншілерге беріледі. Ал, сурет біз үшін таңсық дүние. Бұл байқауға жер-жүзінің барлық елдерінен қылқалам шеберлері қатысады. Қазылар солардың суреттеріне қарап, бағаларын береді. Қастерлі мүсіншеге лайықтылар ғана ие болады. Сол сыйлық маған бұйырды», дейді Ренат Елубаев.

Моисей мүсіншесі – Микеланджело Буонарроти жасаған атақты мүсіннің кішкентай көшірмесі. Оның тарихын айтсақ, 1505 жылы Юлий II Рим Папасы ұлы шеберді шақырып алып, құлпытас жасауды тапсырады. Микеланджело мүсінді жасайды. Сол кезде Моисей мүсіні Римдегі ең бағалы туынды деп танылады.

Ренат Елубаев импрессионистік модерн бағытында сурет салады. Импрессионизм «еркіндік», «бір сәттік» деген мағынаны білдіреді. Былтыр ол «Реализмнен алшақ» жанр бойынша Беларусьте өткен «Куршинале-2015» халықаралық өнер олимпиадасында «Сурет өнері» аталымында бас жүлдені жеңіп алған. Одан кейін АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында өткен «New York Realism» fine art» атты бейнелеу өнері шеберлерінің халықаралық байқауында «Алтын қыран» медалін иеленді.

Қазір Ренат «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрында жұмыс істейді.

● *Тосын табиғат*

Қаңтарда бәйшешек гүлдеді

Бақтияр ТАЙЖАН, «Егемен Қазақстан».

Оңтүстікқазақстандықтар жаңа жылды қылаулап жауған қармен емес, себезгіден себелегендей жаңбырмен қарсы алған. Қазір де күн жылы, бәйшешек гүлдеп жатыр. Таңертеңгілікте жұрт үстіне не ілерін білмейді. Солтүстік облыстарды қасат қар басып, қарға адым жер көрінбей, жолдар жабылып жатқанда оңтүстіктегілер түске таман кәстөмге көшіп, тіпті, жейде киетіндер де жетерлік.

Асанбай Асқаров атындағы дендробақта ағаштардың түр-түрі өседі. Қайың, сәмбі тал, қарағаштар бүр жара бастады. Кейбір үйлерде шие гүлдеген. Шымкенттің қыз-келіншектеріне обал-ақ болды. Түгі жылтыраған құндыз ішіктерін бір кие алмай арманда жүр.

Араб Әмірліктерінде мұздан тұрғызылған алып сарай бар дейді көргендер. Туристерді магниттей тартатын Дубай әлемнің қыс түспейтін жылы нүктесінде орналасқан. Бірақ ақшалы, ақылды қала. Канада сияқты мемлекеттерден қар әкеліп қатырып, мұз қала салады.

Ішінде бәрі бар. Қаласаңыз мұздан қатырылған шынаяқпен кофе іше аласыз. Шейхтар қалың киініп, құндыз ішік киген келіншектерін шұбыртып аралап жүреді дейді. Қыс қызығын осылай елестеді әрі әйелдерінің құндыз ішікпен құлпырып жүруіне жағдай жасайды.

Ал, күні күліп тұрған Шымкенттің жігіттері қосақтарының алдында ұятты болып жүр.

Оңтүстік Қазақстан облысы.

● *Міне, ғажап!*

Беймәлім жәндік жұмбағы

Қостанай облысының Әулиекөл ауданына қарасты Қазанбасы ауылдық округіндегі Бағаналы елді мекенінен бұл өңірде бұрынсоңды кездеспеген түсініксіз бір мақұлық табылды. Куәлардың айтуынша, жұмбақ жәндіктің сыртқы келбеті үлкен сұр құртқа ұқсайды екен.

Айналасын қалың орман қоршаған ауыл адамдары осы күндері қазан айында түсірілген көмірлерін тазартып шығып, енді отқа жаға бастаған. Сол тазарту жұмысының барысында мектепке түсірілген көп көмірдің арасынан көлемі кәдімгі бөлке нанға жетекбасар жұмыртқа кейіпті жанды зат шыға келген.

Кейінірек бажайлап қарағанда, табылған жәндіктің сыртқы қабығы желімдей жабысқақ екені де анықталған. Тіпті, жұмыртқаға да ұқсамайтын сияқты. Оның ішінен сосын ұзындығы 20 сантиметрдей болатын құртқа ұқсас бір мақұлық шығыпты. Бұған қайран қалған жұмысшылар әлгіні тездетіп мектептегі еңбек кабинетіне әкеліп, түрсипатын анықтап көру үшін үстіне су құяды. Сол кезде мақұлықтың құйрық жағы үрленіп, біртіндеп қимылдауға көшеді. Таяқпен түртіп қалғанда, жәндік өзінің бастапқы сұрғылт түсін бірден көгілдір бояуға өзгертіп шыға келген. Әлгінің аузында кішкене азу тістері бар көрінеді.

Ауылдық округ әкімі қаладағы ғылыми-зерттеу институтына хабарласуға кеңес беріпті. Бұған көңілдері толмаған ауыл тұрғындары: «Сонау жер түбіндегі біздің елді мекенге оқымыстылар осы үшін арнайы атбасын бұрып келе қоймайтын шығар», – деп енді ешбір әрекетсіз отырған көрінеді. Сосын сол жерде жұмыс жасайтын Гена атты жігіт жұмыртқаны да, әлгі мақұлықты да үйіне алып кеткен екен.

Руслан ИГІЛІК.

● *Мәссаған!*

Жетібайда жалған медбике жүр

Маңғыстау облысындағы Жетібай елді мекеніндегі ауруханада осы кезге дейін жалған медбике жұмыс жасап келіпті. Оны құқық қорғау органдарының қызметкерлері тауып алды.

Осы қылмыстық істі қараған Қарақия аудандық соты Жетібай ауруханасында арнайы білімсіз медбике жұмысын атқарып келген адамға қатысты шешім шығарды. Ол Қылмыстық кодекстің 685-бабы, 3-тармағы бойынша айыпты болып танылып, 99100 теңге көлемінде айыппұл төлейтін болды.

Сотталушы аталмыш ауруханада 2012 жылдан бері жұмыс жасап келген. Алайда, ол арнайы сертификатсыз мұнда жұмыс істеуге тиіс емес еді. Мұны білген жалған медбике оның орнын жалған сертификатпен толтырып қойған екен.

Мұрат АЙТҚОЖА.

● *Спорт*

Қарсыласының мысы басым болды

Сәрсенбі күні Құрлықтық хоккей лигасы шеңберінде Астананың «Барысы» Ярославльде жергілікті «Локомотивпен» кездесіп, 1:4 есебімен есе жіберді.

Еламан ҚОҢЫР, «Егемен Қазақстан».

Матчтың бірінші кезеңінде есеп ашылмады. Келесі бөлікте жанкүйерлер бір ғана голдың куәсі болды. Атап айтқанда, 31-минутта айдын иелері сапынан Сергей Коньков мергендігімен көзге түсті. Ал соңғы кезеңде төрт бірдей шайба соғылды. Өкінішке қарай, соның үшеуі біздің қақпаға енді. Алдымен, 53-минутта «Локомотив» ойыншысы Денис Мосалев нәтижелі соққы

жасаса, арада бар болғаны 38 секунд өткенде Егор Аверин есепті 3:0-ге жеткізді.

Осыдан кейін «Барыс» хоккейшілері лезде есе қайтарып, 54-минутта команда капитаны Брэндон Боченскидің көмегімен есеп айырмасын қысқартқан болатын. Артынша ойынды құтқарып қалмақ болған жаттықтырушы Андрей Назаров қақпашыны алтыншы ойыншыға алмастырды. Алайда, оның бұл әрекетінен түк шықпады. Есесіне, ресейліктер бос қақпаға төртінші шайбаны енгізіп, ойынның нүктесін қойды.

Бүгінде 50 ойыннан 72 ұпай жиған елордалықтар Шығыс конференциясында 7-орында келеді. Біздің ұжым келесі ойынын 17 қаңтарда ойнайды. Ол күні «Барыс» өз айдынында Нижний Новгородтың «Торпедосын» қабылдайды.

Меншік иесі:
"Егемен Қазақстан" республикалық газеті" акционерлік қоғамы

Президент Сауытбек АБДРАХМАНОВ

Вице-президент – бас редактор Жанболат АУПБАЕВ

Вице-президент Еркін ҚЫДЫР

● МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 010008 АСТАНА, "Егемен Қазақстан" газеті көшесі, 5/13. 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58 А.

АНЫҚТАМА ҮШІН: Астанада: АТС 37-65-27, Алматыда: 273-07-87.
БАЙЛАНЫС: Астанада: факс (7172) – 37-19-87
Электронды пошта: egemenkz@mail.ru. Интернет-редакция: ekazakhstan@mail.ru
Алматыда: факс (727) – 273-07-87, электронды пошта – egemalm@mail.ru

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана – 8 (717-2) 37-54-21;
Ақтау – 8 (701) 593-64-78;
Ақтөбе – 8 (713-2) 56-01-75;
Талдықорған – 8 (728-2) 27-05-70;
Атырау – 8 (712-2) 31-74-13;
Көкшетау – 8 (716-2) 25-76-91;
Қарағанды – 8 (721-2) 43-69-31;
Қостанай – 8 (714-2) 39-12-15;
Қызылорда – 8 (701) 772-70-74;
Орал – 8 (775) 336-47-57;
Өскемен – 8 (778) 454-86-11;
Павлодар – 8 (718-2) 54-31-56;
Тараз – 8 (726-2) 43-37-33;
Шымкент – 8 (701) 362-63-76;
Петропавл – 8 (715-2) 50-72-50.

ЖАРНАМА-АҚПАРАТ БӨЛІМІ: Астанада – 8 (717 2) 37-60-49, факс – 37-64-48, egemen_adv@mail.ru
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, gulnurekkz@mail.ru

Ⓐ Материалдың жариялану ақысы төленген. Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет мына қалалардағы:
010000, Астана қ., Сілеті к-сі, 30, «ERNUR» Медиа холдингі» ЖШС,
050000, Алматы қ., Гагарин к-сі, 93 А, «Дәуір» РПБК ЖШС,
100008, Қарағанды қ., Сәтбаев к-сі, 15, «Арко» ЖШС,
110007, Қостанай қ., Мәуленов к-сі, 16, «Қостанай полиграфия» ЖШС,
120014, Қызылорда қ., Байтұрсынов к-сі, 49, «Энергопромсервис» ПФ» ЖШС,
130000, Ақтау қ., 22-м/а, «Caspiy Print» ЖШС,
030010, Ақтөбе қ., Рысқұлов к-сі, 190, «А-Полиграфия» ЖШС,
060005, Атырау қ., Ж.Молдағалиев к-сі, 29 А, «Атырау-Ақпарат» ЖШС,
160000, Шымкент қ., Т.Әлімқұлов к-сі, 22, «Ernur print» ЖШС,
140000, Павлодар қ., Ленин к-сі, 143, «Дом печати» ЖШС,
080000, Тараз қ., Төле би д-лы, 22, «ЖБО «Сенім» ЖШС,
090000, Орал қ., Достық-Дружба даң., 215 А, «WESTA» ЖШС,
040000, Талдықорған қ., Алматы қаласы, Мұқанов к-сі, 223 В, «Алматы-Болашақ» АҚ,
070002, Өскемен қ., Абай д-лы, 20, «Печатное издательство-агентство Рекламный Дайджест» ЖШС баспаханаларында басылып шықты.

Газетті есепке қою туралы №01-Г куәлікті 2007 жылғы 5 қаңтарда Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі берген. «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ ҚР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Таралымы 210 932 дана.

Нөмірдің кезекші редакторы Рауан ҚАЙДАР.

Индекс 65392. Аптасына 5 рет шығады. «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында теріліп, беттелді. Көлемі 6 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді. «Егемен Қазақстанда» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Тапсырыс 8921

Газет Астана қ., Сілеті к-сі, 30, «ERNUR» Медиа холдингі» ЖШС-те басылды, тел. 99-77-77. Тапсырыс №08 ек